



@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

Ushqyr orla! Brikke samğa! Álemdi sharla!

# Farabi

№04  
СӘУІР  
2025

## shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ  
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,  
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

### Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы



Сурет: Ақтау қаласының  
әкімдігі сайтынан алынды

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТІҢ КЕЛБЕТІ: БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫНА БАСТАР ЖОЛ

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,**  
**Қазақстан Республикасының Президенті**

«ЖИ технологиялары саласындағы отандық және халықаралық білім беру бағдарламалары еліміздің кадрлық әлеуетін арттыруға үлес қоса алады. Үкіметке жасанды интеллект бағытында маман даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңімен жүзеге асыру мәселесін қарастыруды тапсырамын. Аталған бағдарлама оқу, зерттеу және стартаптарды әзірлеу үдерістері тоғысатын динамикалық экожүйені қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Әлемнің жетекші университеттерінің акселерация тәжірибесін қолданған дұрыс. Жасанды интеллекттің пайдасын Қазақстанның әрбір тұрғыны білуі керек. Оның не үшін қажет екенін, қалай дұрыс қолданылатынын ыждаһаттықпен түсіндірген жөн».

## Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

**№4 (68) сәуір 2025**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі  
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,  
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.  
Тел.: +7 701 730 9312  
**E-mail: farabi\_shakirti@mail.ru**  
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік  
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839  
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық  
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу  
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,  
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында  
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен  
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# «Ағайын сыйласпаса, тіріде оңбас»

**АБЫЛ ТІЛЕУҰЛЫ**

*Шешендікте алдына жан  
салмаған саңлақ ақын (1777 –  
1864 жылдары Маңғыстауда  
өмір сүрген). 18 ғасырдың екінші  
жартысында өмір сүрген бұрынғы  
ақын-жыраулардың дәстүрін  
жалғастырушылардың бірі.*

## Арғымақ атта сын болмас

Арғымақ атта сын болмас,  
Қиған қамыс құлақсыз.  
Азаматта сын болмас,  
Арты болса тұяқсыз.  
Айдын көлде сын болмас,  
Жағасы болса құрақсыз.  
Асқар тауда сын болмас,  
Бауыры болса бұлақсыз.  
Ақ киікте сын болмас,  
Арты болса лақсыз.  
Жеті арнада сын болмас,  
Аяғы болса тұрақсыз.

## Билер мен бектерге айтқаны

Абыл бірде билер мен бектердің алқасында  
кездеседі. Олар ақыннан өсиет, насихат өлең  
сұрайды. Сонда Абыл айтыпты:

Өлеңім сұр жорға аттың сүргініндей,  
Қаңтардың қар бораған үргініндей.  
Жаманмен мың күн жолдас болсаң дағы,  
Жақсының болмайды екен бір күніндей.  
Өмірің бір жаманмен өтсе болмас,  
Өксітіп ерден дәулет кетсе болмас.



Ағайын сыйласпаса, тіріде оңбас,  
Үдере бірге көшіп, бірге қонбас.  
Онда - ойын, жиырма бесте желсің, бегілер,  
Отызда ой тоқтатқан сенсің, бегілер,  
Қырықта қыр басына шыққан бегілер,  
Елуде еңкеу тартпай ма, білсең, бегілер.  
Албөрі алпысында толған, бегілер,  
Желкектей жетпіс жаста солған, бегілер,  
Базарда басы шыққан боз жорғадай  
Сексенде селкілейді басың, бегілер.  
Тоқсанға рә жетсе жасың, бегілер,  
Кіртиер кірпігің мен қасың, бегілер,  
Қайтарсың жүз жасында райыңнан,  
Жас кезгі даңқың қалмайды сол ойыңнан.

Өлеңдер: <https://bilim-all.kz/>  
Cypet: <https://www.zharar.com/kz>



**Мұқағали Мақатаев**

## **Сәуір айы**

Сабылып келді міне, сәуір айы,  
Сәуір айы - қазақтың тәуір айы.  
Жылайды да тұрады жылаңқы бұлт,  
Бара жатыр не болып ауа райы?!  
Ақ нөсер, өткіншісі - бәрі дайын,  
Сабылтыға келген мына сәуір айын,  
Құтты көріп, диқандар құптағанмен,  
Малшылар салып отыр сарыуайым  
Жылап тұр, жылаңқы бұлт сабылып тұр,  
Сағынып тұр күн нұрын, жабығып қыр.  
Бірде жауын, біресе қарға айналып,  
Сәуір айы малшыға қағынып тұр.  
Шопан жүр малыменен, көптен бөлек,  
Төпеп тұр, келер емес көктен көмек.  
Сәуір айын сықпыртып, сыбайды кеп,  
- Құрғырдың түбі түсіп кеткен бе?! - деп  
Ойында - әрі ашу, әрі уайым,  
Әйтеуір оңдырған жоқ сәуір айын.  
Сәуір айы - малшыға сарыуайым,  
Малмен бірге бағады ауа райын...

**Қадыр Мырза Әли**

## **Сәуір**

Жыр-көңілмен қалай ғана таспайын!  
Жасыл фонтан болып көкке атылды  
Жапырағын бұрқыратып жас қайың.  
Найзағайдың қаһарына тап болып,  
Күрсінді аспан көкірегін қақ бөліп.  
Жердегі гүл ұшты көкке жұпар боп,  
Көктегі бұлт қонды жерге қақ болып.  
Көзінді арбап,  
Сезімді арбап

Таныс бақ

Қол бұлғайды ару болып табыспақ.  
Қалғандай тау бұрынғыдан жақындап,  
Кеткендей көк одан әрі алыстап.  
Жаңбырдан соң бұлт пұшпағын нұр шалар,  
Жанар толы әсер қанша жыршы алар.  
Шымшықтардың жәудіреген көзіндей  
Шық-тамшыдан моншақ тізді шаршалар.  
Жыңғыл түгіл,  
Тамыр тартып тасың да,  
Жүзіп жүрді бүкіл әлем жасылда.  
Шөпілдеді көктем толы көкжиек  
Кемпіркосақ - иінағаштың басында.

**Жүмекен Нәжімеденов**

## **Сәуір туды, бұлттар аппақ, су аппақ...**

Сәуір туды, бұлттар аппақ, су аппақ,  
Шұлғиды алқап әлдекімді қуаттап.  
Жайрап жатты осынау ұлы дүние  
Кіп-кішкентай күн көзіне шуақтап.

Жолдың түгел ашылуын күтпелік:  
Секір, толқын, шың, басынан тік келіп!  
Дәл қосымда еміс-еміс сыбдыр бар,  
Жанбасымда шалғын жатыр бүктеліп.

Мен де титтей бір шыбық боп көктедім.  
Көктем, көктем, өлеңімді төк менің!  
Мойындамай Алатау тұр жалғыз-ақ  
Баурындағы Алматының көктемін



**Шөмішбай Сариев**

## **СӘУІР**

Құстары қайтқан оралып,  
Соғыстан соңғы көктемде,  
Өмірдің гүлін оранып,  
Сәуірлі шуақ төккенде.  
Болыппын бір үй – көктемі,  
Жеңіспен жеткен жұбаныш,  
Өмірге келді өйткені,  
Соғыстан соңғы қуаныш!  
Көктеген көктем ауылым,  
Тірліктен тауып жарасым,  
Оралмай қалған бауырын,  
Ұқсатқан маған анашым.  
Қадамын еркін баса алған,  
Бейбіт өмір төрлетіп,  
Медеуі мен боп жасарған,  
Көктемін анам тербетіп.  
Ашыпты бұлтты қабағын,  
Сәуірден туған сезімдей.  
Бейбітшілік баланың,  
Бейғам жатқан көзіндей.  
Көктемгі бүршік бүрлепті,  
Өмірге көзін гүл ашып,  
Інгалап елге үн жетті.  
Тірліктің даусы ұласып.  
Тілеулес анам тілеген,  
Жол басы - көктем жолымның,  
Жалғасқан жыры - бұл өлең,  
Сәуірден туған сол үннің!  
Дүниеге келіп бір балаң,  
Іңгалап жатса, ұлы елім,  
Тыныштық жырын жырлаған  
Бәлкім, ол ақын жүрегің!

## **Айтқали Нәріков** **Сәуір**

Танытты жайдарылық сәуір бүгін,  
Соңына сақтаған-ау тәуір күнін.  
Үйден бір жеңіл-желпі шығайыншы,  
Түссінші иықтағы ауыр «жүгім».  
Осынша неге іріктің шуағыңды,  
(Қаталдық қатқан мұзды куә қылды).  
Ызғарды неге жуып кетпеді екен,  
Жүгірген сай қуалай су ағынды.  
Мұртындай бозбаланың түбіттеген,  
Бүршігі көзге тіпті ілікпеген.  
Көк көйлек киіп қашан шығады деп,  
Қарадым теректерге үмітпенен.  
Арқадан азынап бір жел ескелі,  
Шөптердің сұрқы қашты белестегі.  
Көктемнің көкорайы көз үйренген,  
Ей, сәуір, сенің сәнің емес пе еді?..  
Қойсаң да қабақ ашпай көпке дейін,  
Шуақты сақтамапсың текке кейін.  
Құлпырттың дүниені бір-ақ күнде,  
Сондықтан саған қалай өкпелейін.

**Дереккөзі: Өлеңдер <https://bilim-all.kz>  
сайтынан алынды.  
<https://turkystan.kz/>;  
[https://aqzhelken.kazgazeta.kz](https://aqzhelken.kazgazeta.kz;);  
<https://aqmeshit-zhastary.kz/>**





## ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ТАРИХИ ТҰЛҒА

Шыңғыс хан – әлемдік деңгейдегі тұлға. Ол туралы қызықты әрі шытырманға толы тарихи зерттеулер аз емес. Тарихи тұлғаның жасаған іс-әрекетіне әлем тарихшылары тарапынан қарама-қайшы екі түрлі баға берілді және әлі беріліп те жүр. Бірі оны сайыпқыран қолбасшы ретінде таныса, екіншісі қанішер, жауыз ретінде қабылдайды. Бұл екі түрлі бағытты түсінуге де болады. Өйткені Шыңғыс хан жаулап алған немесе басып алған жерлерде келісімге келгендер үшін жағымды көрінсе, елі мен жерін қорғап, қарсыласқандар үшін басқыншы болды. Нәтижесінде Шыңғыс хан тұлғасына байланысты бір-біріне қарама-қарсы зерттеулер, пікірлер, көзқарастар мен көркем шығармалар туындады.

Шыңғыс хан жайлы жазылған көркем туындылар әлем әдебиетінде көптеп кездеседі. Тарихи тұлға Темучин (Шыңғыс ханның шын есімі) туралы тұңғыш туынды XIII ғасырда жазылған – «Моңғолдың құпия шежіресі» (Сұлтанияұлы, 1979а) атты фольклорлық-әдеби туынды. Бұдан соң XIX ғасырда монғол жазушысы В.Инжинаштың «Хөх судар» (Көк шежіре) (Инжаннаши, 2009) романы, XX ғасырда орыс жазушылары В.Янның «Шыңғыс хан» (Ян, 2003), И.Калашниковтың «Сұм заман» (Калашников, 1985), А.Бушковтың «Чингисхан. Неизвестная Азия» (Бушков, 2008), жапон жазушысы Ионе Ясашидің «Көкжал» (Ясаши, 1992), эстон жазушысы А.Валтонның «Пути сходятся в вечность» (Валтон, 1989) т.б. көптеген тарихи романдар жазылғаны баршаға мәлім [1]. Оның есімі тек көркем шығармаларға ғана емес талай-талай пьесалар мен деректі және көркем фильмдерге арқау болды.

Қырғыз әдебиетінде Шыңғыс хан бейнесі белгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың қаламынан шыққан «Шыңғыс ханның ақ бұлтты» шығармасында кездеседі. Онда Шыңғыс ханның

әлемді жаулап, билеймін деген билікқұмарлық, ашкөздігі, өз мақсатына жету жолында кез келген кедергіден тайсалмайтын қатаң басшы кейпінде сипатталады. Сондай-ақ өзі шығарған заңдардың қатаңдығын қадағалайтын қатаң басшы ретінде көрінеді. Шығармаға негіз болған басты жағдай Көк Тәңірі көмегінің белгісі – ақ бұлт. Шыңғыс ханның Көк Тәңірі қолдайды деген сенімі. Сол сенім пенде Шыңғыс ханда жер бетінде не істесем де Құдай қолдайды деген соқыр сезімді тудырды. Еуропа елдерін жауламақ болған Шыңғыс ханның «Батыс экспедициясы» кезінде бала тууға тыйым салуын бұзғандарды жазалағанын баяндайтын хикаят. Осы шығарма арқылы Ш.Айтматов өзі өмір сүрген уақыттағы Кеңес үкіметіне, Сталиндік диктатураға Шыңғыс хан арқылы репрессиялық және озбыр билеушімен қарым-қатынасқа сілтеме жасай отырып, жасырын сын айтады. Сонымен бірге, Шыңғыс ханның көп қырлылығын оның физикалық сипаттамаларымен, өмірбаянымен, психологиясымен, ішкі қақтығыстарымен, сенімдері мен қорқыныштарымен қатар, автор оқырман санасында Шыңғыс ханның тұтас

бейнесін қалыптастыра алады. Бұл бейненің әртүрлі аспектілерін талдау және романның құрылымдық элементтерімен, мысалы, сюжет, баяндаушының қызметі, уақыты мен кеңістігі сияқты тұтастығын анықтау Шыңғыс ханның ұлы тарихи тұлға екенін түсінуге ықпал етеді.

Шығармада негізгі және драмалық сюжет бар деп айтуға болады. Негізгі оқиға желісі Шыңғыс хан туралы оқиғадан тұрады. Оқырманды өткенге жетелеп Шыңғыс ханмен таныстырады. Шыңғыс хан туралы шығармада ханның өмірі хронологиялық тәртіпте сипатталмаған. Шыңғыс ханның Батысты жаулап алу науқанынан басталатын сюжет кейде өткенді ретроспективті техникамен қайтарып, содан кейін қазіргі уақытқа оралғанда үзіледі. Шыңғыс ханның әлемде қалдырған іздерінің психологиялық себептері оның бұрын бастан өткерген оқиғаларына негізделген. Мұны айтқысы келген автор Шыңғыс ханның ішкі әлемін талдауға тырысады, хан туралы өмірбаяндық мәліметтерді келтіреді, онда бұрын өз ізін қалдырған оқиғаларды сипаттайды. Шығарманың соңында ханның отбасы туралы және олардың балалық шағынан бастап өліміне дейінгі кезең ішінде қалай өмір сүргені туралы мәліметтер берілген. Деректер белгілі бір хронологиялық тәртіпте берілмегенімен, оқырман санасында Шыңғыс ханның өмірбаяны толықтай қалыптасады. Ш. Айтматов шығармасында Шыңғыс ханның мінез-құлқына психологиялық талдаулар жасай отырып, оны саяси және әскери қолбасшы Шыңғыс хан ретінде ғана емес, ішкі қақтығыстарымен арпалысқан адам тұрғысынан да суреттеген.

Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлтты» шығармасында Шыңғыс ханның Еуропа елдерін жаулауға аттанған кезі баяндалады. Оқиғаларды оқырманға жеткізетін нарратор, аңыздық әлем кейіпкерлерінің бірі емес, ол оқиғаларды сырттан бақылайтын үшінші тұлға ретінде қолданылады. Шығармада кейбір оқиғалар Шыңғыс ханның көзқарасы тұрғысынан айтылатынын көруге болады, дегенмен әңгімеші Шыңғыс хан емес. Жазушының бұл романында нарратор мен оның көзқарасы әрқашан бірдей бола бермейтінін ескеру қажет. Мәтіндегі сюжет бәрінен хабардар нарратор тұрғысынан беріледі. Бірақ кейбір эпизодтарда баяндаушы өзгеріссіз қалса да, ол ұстанған көзқарас өзгеріп, Шыңғыс ханның көзқарасы пайда болады.

«Шыңғыс ханның ақ бұлтты» шығармасында негізгі символдық мән – ақ бұлт. Шыңғыс хан ақ бұлтты Тәңірінің қолдауының символы, өзінің күшінің белгісі ретінде көреді. Шығармадағы сипатталатын негізгі орын Сары Өзек даласы.

Шыңғыс ханның бала тууға тыйым салуды бұзғандарды жазалайтын даласы да осы – Сары Өзек.

Хикаяның басты кейіпкері – Шыңғыс хан. Шығармадағы сипаттамаға сәйкес, Шыңғыс хан (ол кезде Темучин деп аталған) – жағдайы төмен отбасынан шыққан жетім бала. Оның отбасы ежелден бері мал шаруашылығымен айналысады. Әкесі – Есугей батыр, ал анасы – Оэлун. Темучиннің Бектер есімді інісі туралы да естелік кездеседі. Темучин оны балыққа таласу кезінде өлтірген. Меншік тұрғысынан Темучинде жылқыдан басқа ештеңе жоқ. Жас Темучиннің өмірінен күтуге болатын жалғыз нәрсе – жылқы ұрлау арқылы өмір сүру. Бірақ кейінірек жағдай өзгеріп, Темучин Азияның көп бөлігін жаулап алған Шыңғыс ханға айналады. Шыңғыс ханның айтуынша, бұл өзгеріске әкелген Көк Тәңірінің қолдауы. Хан болуды Көк Тәңірінің рақымымен байланыстыра отырып, Шыңғыс хан өзінің күші мен батылдығын Тәңірі оны қолдайды деген сенімінен алады. Бұл кезеңде сенімнің психологияға әсері көрінеді. Кейде Тәңірі оны қатыгездігі үшін жазалайды деп қорқып, өз әрекетін біраз уақыт тоқтата тұрады. Егер жаман ештеңе болмаса, Тәңірі қолдайды деп Шыңғыс хан өзінің әрекетін қайтадан жалғастырады. Шыңғыс ханның санасында, ішкі әлемінде қалыптасқан осы сенімнен жаулап алған жерлерді еш өкінбей өртеп, адамдарын қырып-жою сынды қатыгез әрекеттерді ішімірікпей жасайтын.

Көркем шығармада Шыңғыс ханның сенім психологиясы да қарастырылған. Билікті жақсы көретін және барлық тіршілік иелеріне үстемдік еткісі келетін Шыңғыс хан тек аспанға, яғни Тәңіріге қол жеткізе алмайды. Өйткені Шыңғыс хан тіршілік иесі. Дегенмен ол Көк Тәңірігі мойынсұнады. Шыңғыс хан Тәңіріден халықтарды бағындыру үшін шексіз күш сұрайды. Көк Тәңірі оның жаулап алуына, мемлекетінің өсуіне және таралуына тиісті мейірімділік көрсеткен сынды. Оның барлық бастамаларында ешқандай кедергі болған жоқ. Ол әрдайым жетістікке жетті. Кейде ол күн күркіреуін Тәңірінің ашуы деп қабылдады. Найзағай түсіреді деп қорықты. Қазақ жазушысы Р.Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаятында да Көк Тәңіріне сенген Шыңғыс ханның найзағай тиіп аттан ауып түсуі ес жиғызбай, елес-естелікпен өкініші суреттелетін.

(Жалғасы келесі нөмірде).

Қыран Алтай,  
<https://e-history.kz>

# Мемлекет басшысы Ақтау қаласын Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы мәртебесіне ие болуымен құттықтады



5 сәуірде, «Ақтау – Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы» жылының ашылу салтанаты өтті. Айтулы іс-шараға орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы құттықтау хатын жолдады.

Мемлекет басшысының құттықтауын ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида БАЛАЕВА оқып берді.

Президент өзінің құттықтау хатында Ақтау қаласының Түркі әлемінің мәдени астанасы атануын еліміз үшін ғана емес, барлық бауырлас түркі мемлекеттері үшін маңызды оқиға ретінде атап өтті.

«Шежірелі Маңғыстау, қазыналы Үстірт аймағы тұтас түркі өркениетінің ажырамас бөлігі саналады. Киелі өлкеде ұлтымыздың, жалпы түркі дүниесінің сан ғасырлық рухани мұрасы сақталған. Тарихы тамырлас, дәстүрі сабақтас халықтардың ынтымақтастығын одан әрі нығайту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы атаулы жылда бауырластығымызды бекемдей түсетін басқосулар ұйымдастырылып, маңызды шешімдер қабылданады деп сенемін. Түркі мемлекеттерінің ықпалдастығын арттыруға зор үлес қосып жүрген ТҮРКСОЙ ұйымына және осы іс-шараны ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығымды білдіремін. Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығая берсін!» – делінген хатта.

Айта кетейік, салтанатты жиынға Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан, Венгрия елдерінен мәртебелі меймандар қатысты.

Қарт Каспий жағалауында өткен ауқымды іс-шараға аймақ тұрғындары мен Қазақстанның өзге өңірлерінен, шетелден келген қонақтарды қоса алғанда 30 мыңдай көрермен жиналды.

Салтанатты шараның басты нысандарының бірі – «Дархан дала» этноқалашығы. Бұл – қазақтың дәстүрін, киелі Маңғыстау мұрасын және түркі халықтарының тарихын кеңінен насихаттауға арналған бірегей мәдени кеңістік.

Еске сала кетейік, Әзербайжанда өткен ТҮРКСОЙ-ға

мүше мемлекеттердің 40-сессиясында Ақтау қаласына Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы мәртебесін беру туралы шешім қабылданған болатын. Атаулы жыл көлемінде түркі мәдениетінің рухын терең сезінуге мүмкіндік беретін түрлі фестивальдер, концерттер, көрмелер мен театр қойылымдар жоспарланған.

Сондай-ақ, ТҮРКСОЙ аясындағы атаулы жылдар шеңберінде 2025 жыл Қазақстанның халық әртісі, ұлы композитор және дирижёр Нұрғиса Тілендиев жылы деп жарияланды.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі**



## ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан РАЕВ халықты құттықтады

5 сәуір Ақтауда «Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының ресми ашылу салтанатына халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев арнайы қатысып, қала тұрғындары мен қонақтарын мерейлі мәртебемен құттықтап, халыққа жылы лебізін білдірді.

– «Мәңгілік ел» мұратын жалғап, ұлттық дәстүрі мен мемлекеттік мәдениеті қайта жаңғырған, арманда кеткен Алаш арыстарының асыл мұратына мыңжылдықтар тоғысында қол жеткізген, айы оңынан туып, Тәңір тілегін





берген, тарихта кеткен есесін түгендеп, еңсе тіктеген, бүгінде абыройы асып, атын әлем таныған киелі Қазақ жеріне – «Түркі әлемінің мәдени астанасы - Ақтау» атану рәсімінің салтанатты ашылуына қош келдік! Ар ма, асыл Қазақ елі! Қазақстан – қазір ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, халықаралық аренадағы беделі зор, қуатты мемлекет. Орта Азияның, түгел Түркі дүниесінің жарқыраған жұлдызы – Қазақстан. Қазақ халқы – татулыққа ұйыған, жастары жасампаздыққа ұмтылған ел. Күллі әлем таныған, құрметтеп төріне оздырған беделді мемлекет», деп бастады сөз басын Сұлтан Раев.

ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы алдымен Маңғыстау аймағының қадір қасиетіне тоқталып өтті.

«Маңғыстау аймағынан Қашаған, Абыл, Сүгір бабалар, Әбіштей абыз тұлғалар мен қаншама қаһарман батырлар шыққан, 362 әулиелі Маңғыстаудың алтын кіндігіндей Отпан тау – ата-бабаларымыздың аяғы, тұлпарларының тұяғы тиген, батырлар мен билердің басын қосып, ел тағдырын шешіп, шешім қабылдаған жер. Осы қасиетті өңірде туып- өскен, кейін бүкіл қазақтың ғана емес, барша түркі әлемінің атышулы қаламгеріне айналған аңыз Әбіш ағамыз “Аңыздың ақыры” шығармасында тектіліктің ұлт құндылығындағы орнын дәйектеп, ұлтсыздандудың мәңгүрттікке әкелетін идеясын ұсынса, оны заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов ары қарай күшейтіп, дамытып, әлем оқырмандарының санасына тереңдете сіңірді», деді ол.

Сонымен қатар, Сұлтан РАЕВ биыл Пір Бекет ата Мырзағұлұлының туғанына 275 жыл толуына орай мерейтой осы шараның аясында да лайықты аталып өтетін атады. Ал қазақ мифологиясын зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым Серікбол Қондыбайдың шығармаларын түрік тіліне аударып, ТҮРКСОЙ тарапынан Түркиядан кітап шығатынын мәлімдеді. ТҮРКСОЙ ұйымы Ақтауды 2025 жылдың мәдени астанасы етіп тектен тек жарияламағанын айтты.

«Биыл түркі әлемінің орталығында түркі ағайындар мәдениет пен әдебиеттің, салт-дәстүр мен тарихтың «түтінін түтетіп», қоян-қолтық араласып, бір-бірімен жақынырақ танысатын болады. Енді 2025 жыл бойы Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының «Түркі әлемінің мәдени Астанасы» атты іс-шаралары аясында әлемді аузына қаратады деп сенеміз!», - деп сенім білдірді.

Түркітілдес елдердің мәдени ынтымақтастығын арттырып, ортақ құндылықтарды дәріптеуге бағытталған шараға ҚР мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің мәдениет министрлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентінің депутаттары, халықаралық ұйымдар өкілдері мен шетелдік елшілер қатысты.

Бағдарлама аясында халықаралық деңгейдегі өнер жұлдыздары да әннен шашу шашты. Әлемдік мега жұлдыз Димаш Құдайберген, Өзбекстанның әйгілі әншісі Юлдуз Усманова мен Әзербайжанның жұлдызы Роза Зергерли және елімізге белгілі эстрада әншісі Калифорния сахнада өнер көрсетіп, көрерменге мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Салтанатты шарада аймақ басшысы Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ түркі әлемінің мәдени бірлігін нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев – түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени кеңістікке айналдыру – негізгі мақсат екенін айтқан болатын. Бауырлас елдердің басшылары түркі жұртын біріктіруге баса мән беріп келеді. Бүгінгі кәрі Каспийдің жағасындағы ақмаржан – Ақтау шаһарында бас қосуымыз – осының дәлелі. Түркі халықтарының қанына сіңген бір белгісі – мейманға жалғыз атын да сойып берер мәрттігі. Қазақ – қашаннан қонақжай халық. Даламыз қандай дархан болса – көңіл де сондай кең. Түбі бір түркі бауыр үшін



Төріміз дайын. Қонақ келсе қойы егіз қоздайтын халықпыз, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Мерекелік кеште Ақтау аспанын ерекше таңғажайып көрініске бөлеген дрон шоуы өтті. Бір мезетте 500-ден астам дрон көкке көтеріліп, Қазақстанның туы, Маңғыстаудың табиғатына тән жануарлар мен бозжыра тауы, халықаралық шараның логотипі және қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтері бейнеленді.

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының ашылу салтанатына арналған шаралар тізбегі 6 сәуір күні де жалғасты. Этноқалашық аумағында түркі елдерінің танымал жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың қатысуымен ауқымды гала-концерт өтті. Жалпы, бұл жобаға 1149 өнерпаз тартылған, оның 125-і – шетелдік музыканттар, бишілер және қолөнер шеберлері.

Айта кетейік, биыл мерейлі жыл аясында қараша айының соңына дейін 30-дан астам халықаралық мәдени және шығармашылық жобалар жүзеге асырылады.

Оның ішінде, фестивальдер, ғылыми конференциялар, көрмелер мен байқаулар өтеді деп жоспарлануда.

**Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі**



# Журналист мінездің адамы

Қалай десекте, білім мен тәжірибесіз мамандықтың шыңына шығу мүмкін емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында айтқан осынау қағидасын басшылыққа алған БАҚ өкілдері еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп келеді. Арнайы мәліметтерге сүйенсек, әлемде 40 мыңға, ал Қазақстанда 7 мыңға жуық мамандық иесі бар болса, солардың қатарында журналисттердің есімі мақтанышпен аталады.

Кез келген мамандық иесін алсақ, отансүйгіштік қасиеті жүрегінде лапылдап жанған өз ісіне адалдық танытқан еліміздің патриоты екенін оның еңбек жолындағы жетістіктері арқылы білеміз. Қоғамдағы орны білімі, ізденгіштік қабілеті, пайым – парасаты, кәсіби біліктілігінен байқалады. Сол сан мамандықтардың ішінде журналист мамандығының шоқтығы биік. Журналист – қоғамдық ақпарат саласының қызметкері, халыққа еліміз бен әлемдегі жаңалық таратушы, жақсының жаршысы, халық өмірінде атқарушы органдар тарапынан кеткен кемшіліктерді дер кезінде байқап, елдің жанайқайын билікке жеткізе алатын маман. Басқа сала мамандарымен салыстырғанда журналист бесасап, көпсаланы меңгерген қоғамның заңды сақшысы. Қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларға дер кезінде үн қосып батылдық танытатын, кемшілікпен ымырасыз күресетін, жақсы істің жаршысы, игілікті істердің жарыққа шығарушы журналист Бұқаралық ақпарат

құралының өкілі.

Мамандықтың қиындығына қарамастан жылда Республикалық «FARABI SHAKIRTI» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым-сайтының жас оқырмандары арасынан журналист мамандығын таңдап, сол салаға бейімделіп,



ерінбей мақала жазып келе жатқан оқушылар арасынан Жас тілші тәрбиелеп келеміз. Жыл сайын 5-6 оқырманымыз еліміздегі білім ордасының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық, «Тұран» Университеттері және облыстардағы Республикалық білім ошағында журналистика факультетінің студенті атанады. Журнал жарыққа шыққан 2019 жылдан бері алғашқы жас тілшілеріміз

қолына дипломын алып, кәсібіне кірісіп те кетті.

Бұл – редакцияның шығармашылық ұжымының жас оқырмандарына арнап шығарып жатқан журналына төккен еңбегінің жемісі деп білеміз. Мектеп жасындағы оқырмандарымыз көп-ақ. Солардың арасынан 2024 – 2025 оқу жылында 10 жас тілші тәрбиелесек, олардың бесеуі биыл мектеп бітіргелі отыр. Әр жас тілшіге шығармашылық шабыт тілей отырып, түлектерге Ақ жол, арманындағы журналист мамандығының иесі болсын дейміз!

Алматы қаласы, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында Ғаниқызы Дәрия, Доскенқызы Гүлшат, Саттыбаева Еркенур, Туркебай Ақзере Маратқызы, Тұрдақын Әмина Жанатқызы, Тұрлыбай Нұртілеудей жас тілшілеріміз білім алууда. Өткен 2023 – 2024 оқу жылында осы мектепті тәмамдаған Сатыбалды Диас - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің І – курс студенті.

Шығармашылыққа ұмтылған жас ұландардың тұсауын кесіп, олардың қабілетін журналистикаға бағыттап келе жатқан білікті ұстаз М.М. МАЛИК. Майра Маликқызы - «Шебер-педагог», философия докторы PhD, аға оқытушы, «Дарынды ұстаз», «Үздік ұстаз» төсбелгілері, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Алғыс хат», «Құрмет грамотасы», иесі. ҚР Оқу-ағарту министрлігі «2022 жылдың Үздік педагогі», ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі мен куәлік иегері, «Алматы тұлғалары» 2024 жылғы жинаққа есімі кірген.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №42 «Ақ ниет» гимназиясының Айдыңқызы Алина, Сүндетқали Инабат пен Темирханова Арайлым «Жас тілші» қатарына қабылданды. Жетекшісі - СИСЕКЕШЕВА Айгерим Мерғалиевна тарих



және құқық пәндерінің мұғалімі. Педагог-модератор. Педагогика ғылымдарының магистрі. 2024 жылы облыстық деңгейде «Тарихтан тағылым қосымша курс бағдарламасы» әдістемелік құралы; халықаралық ғылыми – тәжірибелік журналда «Glorious person, great knowledge, powerful rule – Kassym Khan» тақырыбында ғылыми мақаласы жарияланды. Жыл сайын оқушылары Республикалық ғылыми жобалар сайысына қатысып, қала, облыс көлемінде үнемі І, ІІ, ІІІ – орындар қатарында есімдері аталса, ал пәндік олимпиадалардан жүлделі орындар иеленуде.

Алматы облысы, Карасай ауданы, KursAnt School мектебінің 11 «Ц» оқушысы Узакбай Арайлым Серікбайқызы да жас тілшілер қатарына қосылды. Түлектердің болашақ мамандығын адаспай таңдауына қолдау көрсетіп, шәкірттерді Ана тіліміз бен әдебиетінің мәйегіне қандыра білім беріп келе жатқан Сәулімбай Айғаным Серікқызы ұлағатты ұстаз. Педагогика ғылымдарының магистрі, «Анық қадам бас», «Мені өзгерткен махаббат» кітаптарының авторларының бірі.

Ұстаздарымызға денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, шәкіртке жаңа заман талаптарына лайық білім беріп, тәрбиелеуде күш – жігер, қажымас қайрат тілейміз. Елін сүйіп, халқына қызмет ететін ұлтжанды азамат сіздер арқылы танылсын демекпіз! Шәкірттерге арман-тілектері орындалып, мақсатына жетуіне тілектеспіз!

**Ж.КУЧУКОВА,**  
Республикалық «FARABI SHAKIRTI»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым-сайтының Бас редакторы



Тіл – әр ұлттың рухани тірегі, мәдениетінің мәйегі, ел болмысының айнасы. Қазақ халқы үшін де ана тілі – ұлттың жаны, жүрегі, өткені мен болашағы. Халық даналығында: «Өз тілін – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» деген сөз бар. Бұл нақыл – ана тіліне деген шынайы сүйіспеншілікті, ұлттық болмысты сақтаудың маңызын айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп қабырғасынан бастап тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті ояту – ұлттық тәрбиенің басты бағыттарының бірі.

Қазіргі жаһандану жағдайында көптеген ұлттар өзінің тілінен, ділінен, болмысынан айырыла бастағаны жасырын емес. Бұл үрдістің алдын алу үшін, ең алдымен, ана тілімізді қастерлеу, оны жас ұрпаққа сіңіру, үйрету және қолдану мәдениетін қалыптастыру қажет. Мектеп – осы үдерісте басты тетік. Себебі бала алғаш тілдік білім мен мәдениетті, сөйлеу және ойлау дағдыларын мектеп қабырғасында қалыптастырады.

Тіл тәрбиесі – бұл тек грамматикалық ережелер мен орфографиялық нормаларды үйрету емес. Бұл – баланың рухани-адамгершілік әлемін тіл арқылы байыту, сөз құдіретін түсіндіру, тілдік нормаларды қолдану мәдениетін дарыту. Мысалы, әдеби шығармалар арқылы оқушыны тілдің көркемдік қуатымен таныстырып, олардың бойында эстетикалық талғам мен ұлттық сана қалыптастыруға болады. Абайдың «Көңілім қайтты дүние жеңді...» өлеңінен бастап, Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» жырларына дейінгі шығармалар тілдің байлығын, мағынасын, әсерін танытады.

Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары – тіл тәрбиесінің басты құралы. Бұл сабақтарда тілдің құрылымы мен заңдылықтары үйретіліп қана қоймай, оқушының сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, әрбір сабақта ұлттық әдебиеттің үздік үлгілерін оқыту арқылы бала тіл байлығын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды меңгереді. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» – деп, тіл мен ұлт бірлігін нақты түйіндеген.

Сонымен қатар, мұғалімнің тұлғасы тіл тәрбиесінде ерекше орын алады. Ұстаздың сөйлеу мәдениеті, тілге деген құрметі, шығармашылықпен жұмыс істеуі – оқушыға тікелей ықпал етеді. Осы орайда заманауи әдістерді, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, көркем әдебиеттерді кеңінен қолдану – тілді оқытудың сапасын арттырады.

Қазіргі таңда оқушының тілге деген қызығушылығын ояту үшін пән мұғалімі жаңашылдыққа ұмтылуы қажет. Интерактивті әдістер, жобалық жұмыстар, эссе, дебат, шығармашылық



жазбалар – оқушыны тек тіл ережелерін жаттатуға емес, оны сезініп қолдануға үйретеді. Бұл тәсілдер оқушыны еркін ойлауға, өз пікірін ашық айтуға, тілмен жұмыс істеуге жетелейді.

Мемлекет тарапынан тіл саясатына ерекше мән беріліп отырған кезеңде мектеп мұғалімінің жауапкершілігі де арта түсуде. Ана тілінің қадір-қасиетін арттыру – тек білім беру үдерісімен шектелмей, ұлттың рухани жаңғыруына да негіз болады. Ұрпағын тілі арқылы тәрбиелеген ел – ешқашан ұтылмайды. Сондықтан тіл тәрбиесі – ұлттың мәңгілігінің кепілі екенін әр ұстаз жүрегінде ұстауы тиіс.

Қорыта келгенде, мектеп қабырғасында берілетін тіл тәрбиесі – ұлттың рухани болашағын қалыптастыратын шешуші күш. Тіл арқылы бала өз халқының тарихын, әдебиетін, мәдениетін, дүниетанымын бойына сіңіреді. Ана тіліне деген сүйіспеншілік – елге деген махаббаттың бастауы. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің әр сабағы тек білім беру емес, ұлттық тәрбие беру миссиясымен ұштасуы қажет. Ұрпағы тілге берік ел – болашағына сенімді ел. Ендеше, мектептегі тіл тәрбиесіне баршамыз үлес қосу – тарихи және адами міндет.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. (2003). Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі.
2. Жұмабаев М. (1992). Педагогика. Алматы: Рауан.
3. Абай Құнанбайұлы. (1995). Шығармаларжинағы. Алматы: Жазушы.
4. Әл-Фараби. (1993). Қайырымдықалатұрғындарының көзқарастары. Алматы: Ғылым.



**ДОСЫМБЕК**  
**Аружан Бекжанқызы,**  
 Алматы облысы,  
 Ұйғырауданы  
 «Ж.Құдайберген

ов атындағы орта мектеп  
 мектеп жанындағы  
 интернатымен» КММ  
 Қазақ тілі мен әдебиеті  
 пәні мұғалімі

# Ұлттық әдебиетті цифрлық ғасырда оқыту мәселелері

Ұлттық әдебиет – ұлттың рухани-мәдени айнасы. Әдеби шығармаларда халықтың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, болмыс-бітімі көрініс табады. Осы құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу, оқушы бойында ұлттық рухты қалыптастыру – әдебиет пәнінің басты мақсаты. Алайда қазіргі оқушылардың ақпаратты қабылдау формасы өзгеріп, визуалды, қысқа форматтағы контентке әуестігі артты. Кітап оқуға деген қызығушылық бәсеңдеп, әдеби мәтінді қабылдау қиындық туғызатын деңгейге жетті. Бұл – ұлттық әдебиетті оқыту әдістемесін қайта қараудың қажеттілігін көрсетеді.

Цифрлық ғасырдың талаптарына сай әдебиетті оқытудың жаңа жолдарына көшудің бірнеше



Үшіншіден, әдеби кейіпкерлер мен тарихи кезеңдерді визуалды түрде көрсететін бейнебаяндар, анимациялар, сахналық қойылымдар – оқушылардың шығарманы қабылдауын жеңілдетеді. Бұл тәсілдер олардың креативтілігін дамытып, әдебиетті тек пән емес, өмірдің бір бөлігі ретінде қабылдауға жетелейді. Сонымен қатар, көркем мәтінге негізделген жобалық жұмыстар, эссе, бейне-жобалар жасау – цифрлық дәуір балаларына аса жақын әрі нәтижелі әдіс.

Төртіншіден, цифрлық құралдар арқылы оқушыларды әдебиетке тарту мақсатында шығармашылық еркіндік беру өте маңызды. Google Jamboard, Padlet, Canva сияқты

құралдар арқылы оқушылар өз ойларын визуалды түрде жеткізіп, шығарманы өз деңгейінде түсіндіру мүмкіндігіне ие болады. Бұл оқушыны зерттеуші ретінде қалыптастырып, оқырмандық белсенділігін арттырады.

Бесіншіден, цифрлық дәуірде мұғалімнің өзі – жаңа форматтағы медиамаман. Ол тек пән мұғалімі емес, контент жасаушы, редактор, ұйымдастырушы рөлін атқарады. Мұндай жағдайда мұғалімнің цифрлық сауаттылығы, заманауи платформалармен жұмыс істей алуы басты талапқа айналады. Осыған орай, педагогтардың біліктілігін арттыру курстары нақты практикалық бағытта құрылуы керек.

Қорыта келгенде, ұлттық әдебиетті цифрлық ғасырда оқыту – заман талабынан туындаған қажеттілік. Бұл бағытта мұғалімдердің рөлі айрықша. Цифрлық технологиялар – тек құрал, ал оны тиімді қолдану – педагогтың білімі мен шеберлігіне байланысты. Ұлттық әдебиет тек өткеннің мұрасы емес, ол – болашақтың рухани іргетасы. Сол себепті заманауи білім беру үдерісінде әдебиетті жаңаша оқыту формаларын енгізу арқылы біз жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулимыз, елін, жерін сүйетін, рухы биік азамат қалыптастырамыз.

**АБИРОВА Назира Султангазиевна,**  
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы  
«Ж.Құдайбергенов атындағы орта мектеп  
мектеп жанындағы интернатымен» КММ  
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

тиімді бағыты бар. Біріншіден, интерактивті платформалар мен цифрлық оқулықтар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Мәселен, «bilimland.kz», «edu.kz», «oriq.kz» сынды білім беру ресурстарында әдеби шығармалардың мазмұны мультимедиялық форматта ұсынылып, бейнематериалдармен, тест тапсырмаларымен сүйемелденеді. Бұл оқушыны шығарманы тереңірек түсінуге жетелейді.

Екіншіден, әдеби шығармаларды аудиоформатта тыңдау – қазіргі оқушылардың цифрлық әдеттеріне бейімделген тәсілдердің бірі. Тыңдау арқылы мәтінді қабылдау олардың есте сақтау қабілетін арттырып, шығарманың көркемдік табиғатын сезінуге көмектеседі. Мысалы, Абайдың қара сөздері немесе М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үзінділері кәсіби дикторлармен дыбысталып, подкаст форматында ұсынылса, оқушы үшін бұл әдебиетпен жаңаша, заманауи қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. (2003). Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі.
2. Жұмабаев М. (1992). Педагогика. – Алматы: Рауан.
3. Әуезов М. (2007). Абай жолы (төрт томдық). – Алматы: Жазушы.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстары және мұғалім құзыреттілігі – 2022 ж.
5. bilimland.kz – Қазақ әдебиеті платформасы.
6. Әбдіғазиева К. (2021). Ұлттық әдебиетті цифрландыру: жаңа мүмкіндіктер мен қауіптер // «Білім және ғылым» журналы.

# Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің маңызы



Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру – олардың елін, жерін сүйетін, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін азамат болып қалыптасуына негіз болады. Бұл тәрбие оқушылардың бойында ұлттық рухты оятып, елдің болашағына деген жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді. Бастауыш сынып – баланың санасы тез қалыптасатын ең маңызды кезең. Осы кезде берілген ұлттық тәрбие оның болашақта ұлтжанды тұлға болып өсуіне тікелей әсер етеді.

Ұлттық тәрбиенің басты құралы – ана тілі. Қазақ тілі арқылы бала халқымыздың мәдениетімен, дәстүрімен танысады. Әдеби шығармалар, халық ертегілері, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықтар сіңіріледі. Абайдың, Ыбырай Алтынсариннің, Мұхтар Әуезовтің шығармалары бастауыш сынып оқушыларына патриотизм мен адамгершілік қасиеттерді үйретуге бағытталған. Оқушыларға бұл шығармаларды оқытып қана қоймай, олардың мән-мағынасын түсіндіру, өмірмен байланыстыра талқылау маңызды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын үйрету – ұлттық тәрбиенің ажырамас бөлігі. Оқушыларға тұсау кесу, бесікке салу, шілдеhana, Наурыз мейрамы секілді дәстүрлердің мәнін түсіндіру олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Театрландырылған көріністер, ұлттық ойындар ұйымдастыру балалардың қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оларды мерекелік іс-шараларға қатыстырып, қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын өз көздерімен көруге мүмкіндік беру де үлкен әсер етеді.

Ұлттық ойындар баланың ойлау қабілетін, ептілігін және ерік-жігерін дамытудың тиімді жолы. Алтыбақан, асық ату, арқан тартыс, тоғызқұмалақ сияқты ойындар баланы белсенді болуға баулиды. Бұл ойындар тек дене шынықтыруға ғана емес, балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Ұлттық

ойындар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, ортақ ережелерге бағынуды, жеңіске жету үшін еңбектенуді үйренеді.

Қазақтың халық әндері, күйлері мен жыр-дастандары эстетикалық тәрбие берудің негізгі құралы. Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің күйлерін тыңдатып, олардың тарихын түсіндіру арқылы оқушылар ұлттық өнерге жақындай түседі. Ән мен күйдің тәрбиелік маңызы зор, себебі олар баланың эмоциялық дүниесіне әсер етіп, патриоттық сезімін оятады. Домбыра үйірмелерін ұйымдастыру, күй тыңдау сабақтарын өткізу – ұлттық тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі.

Ұлттық тәрбиені беру әдістері әртүрлі. Әңгімелеу және сұрақ-жауап әдісі оқушылардың пікірін тыңдап, олардың танымын кеңейтеді. Ойын әдісі мен көрнекілік арқылы ұлттық құндылықтарды оңай меңгереді. Рөлдік ойындар балаларға халық ертегілері мен аңыздарды сахналауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында ұлттық



киімдерді көрсету, тарихи жәдігерлердің суреттерін пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, жоба қорғау, эссе жазу, пікірталас өткізу секілді әдістерді де қолдануға болады.

Ұлттық тәрбиені бойына сіңірген бала өз елін сүйетін, мәдениетін құрметтейтін азамат болып өседі. Бұл тәрбие оның болашақ өміріне бағыт-бағдар береді. Мұғалімдер ұлттық құндылықтарды дұрыс жеткізіп, оқушыларды елжанды азамат етіп тәрбиелеуге ерекше мән беруі тиіс. Ұлттық тәрбиесі мықты ұрпақ – елдің ертеңі. Бүгінгі бастауыш сынып оқушылары – болашақта елдің тұтқасын ұстайтын азаматтар. Сондықтан ұлттық құндылықтарды бала жастан санасына сіңіру – қоғамның әрбір мүшесінің ортақ міндеті.

**КУРБАНОВА Жибек Абдимажатовна,**  
**Шымкент қаласы,**  
**№ 69 жалпы орта білім беретін мектебі**  
**бастауыш сынып мұғалімі**



**АБИЛОВА Замзагүл,**  
«Қызылорда облысының  
білім басқармасының  
«Қазалы ауданы бойынша  
білім бөлімінің С.Сейфуллин  
атындағы №165 орта мектебі»  
КММ Қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі

# Оқу сауаттылығы – терең ойдың бастауы



Қазіргі білім беру жүйесінде оқу сауаттылығын дамыту ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Ақпараттық технологиялар дамып, түрлі дереккөздер көбейген сайын оқушылардың тек мәтінді оқып қана қоймай, оны түсінуі, талдауы және өмірде қолдана білуі маңызды бола түсуде. Оқу сауаттылығы – адамның мәтінді түсініп қана қоймай, оны өзінің тәжірибесінде пайдалана алу қабілеті. Бұл дағды 6-9 сынып оқушылары үшін өте маңызды, себебі осы кезеңде олардың ойлау жүйесі қалыптасып, ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі кеңейеді.

Көптеген оқушылар мәтінді жай оқып шығып, оның мағынасын терең түсінбейді немесе оқыған ақпаратын өз өмірімен байланыстыра алмайды. Олардың көбі дайын жауаптарды іздеуге бейім, ал бұл оқу сауаттылығының төмендігін көрсетеді. Мұндай жағдайды өзгерту үшін оқу процесіне оқушыларды қызықтыратын әдістерді енгізу керек.

Мен өз сабағымда әртүрлі тәсілдерді қолданып, оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға тырысамын. Олардың ішінде ең тиімділерінің бірі – оқылымнан кейінгі талқылау. Кез келген мәтінді оқыған соң, оқушыларға «Бұл ақпараттың маңызы қандай?», «Бұл жағдай өмірде кездесуі мүмкін бе?», «Осы оймен келісесің бе?» деген сұрақтар қоямын. Осылайша олар өз ойларын ашық айтып, мәтінді тереңірек түсінуге үйренеді.

Кейде оқушылар көркем шығармаларды қызығушылықпен оқығанымен, ғылыми немесе ақпараттық мәтіндерді түсіну қиынға соғады. Сондықтан оларды түрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс істеуге дағдыландыру қажет. Газет мақалалары, интернеттегі жаңалықтар, эсселер немесе зерттеу жұмыстары оқу сауаттылығын дамытудың тиімді құралдары бола алады.

Сондай-ақ, мәтінді талдауда оқушыларды сыни ойлауға да үйрету керек. Бұл үшін олардан мәтіннен ең маңызды ақпаратты табу, автордың көзқарасын анықтау немесе кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау секілді тапсырмалар орындатамын. Осылайша оқушылар тек жаттап алуға емес, ойлануға да үйренеді.

Қазіргі таңда технологияларды пайдалану да оқу сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Электронды кітаптар, аудиокітаптар, TED Talks сияқты білім беру платформалары оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаңа форматтағы ақпаратты игеруге мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар мәтінді оқығаннан гөрі, оны тыңдағанда жақсырақ түсінеді, ал кейбіреулер инфографика немесе видеоматериалдар арқылы жылдам меңгереді. Сондықтан әр оқушының ерекшелігіне қарай түрлі әдістерді қолдану маңызды.


Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін оларды пікірталасқа тарту да жақсы нәтиже береді. Сабақта белгілі бір тақырып бойынша дебат ұйымдастырып, әр оқушының өз ойын дәлелдеп, қорғай білуіне мүмкіндік беремін. Бұл олардың сөздік қорын байытып, өз көзқарасын еркін білдіруге үйретеді.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығы – оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың негізгі құралы. Егер олар ақпаратты дұрыс түсініп, оны күнделікті өмірде қолдана білсе, болашақта кез келген салада жетістікке жете алады. Сондықтан оқушыларды тек оқулықпен шектеуге болмайды, олардың өмірмен байланысты білім алуына жағдай жасау керек. Мен өз сабағымда оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін барынша тиімді әдістерді қолдануға тырысамын. Мәтінмен жұмыс істей білу – қазіргі заман адамы үшін аса қажетті дағды, сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жүйелі жүргізу қажет.

| Қысқа мерзімді жоспары                     |                                                                                                                                                                                                                         |  |                    |  |
|--------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------|--|
| Бөлім                                      | 3-бөлім – Сөзбе - сөз (ортақ тақырыптары: "Менің мектебім", "Менің туған өлкем")                                                                                                                                        |  |                    |  |
| Педагогтың аты-жөні                        | Мустапа Асем Кенесовна                                                                                                                                                                                                  |  |                    |  |
| Күні                                       | 21.12.2023ж                                                                                                                                                                                                             |  |                    |  |
| Сынып: 2в                                  | Қатысушылар саны                                                                                                                                                                                                        |  | Қатыспағандар саны |  |
| Сабақтың тақырыбы:                         | Мультфильм жасау. Жобалықжұмыс                                                                                                                                                                                          |  |                    |  |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.2.4.2 ойын бағдарламалау ортасында скретчтің библиотекасындағы дыбыстарды қолдану (Scratch(скретч))<br>2.4.1.1 берілген сценарий бойынша ойын бағдарламалау ортасында (Scratch(скретч)) тармақталу алгоритмін әзірлеу |  |                    |  |
| Сабақтың мақсаты:                          | Scratch-тің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мультфильм жасауда программаның алгоритмін құрады.                                                                                                                         |  |                    |  |

Сабақтың барысы:

| Сабақтың кезеңі/ уақыт                                                                 | Педагогтың әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Оқушының әрекеті                                                                                                                                                                                                                      | Бағалау                                                                                                                                                                                                            | Ресурстар                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы<br>Психологиялық ахуал<br>«Айна әдісі»<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>10 минут | Оқушылармен амандасу.<br>Оқушыларды түгендеу<br>Оқушылар қарама қарсы тұрып Бір бірінің әрекетін қайталайды<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен ашу үшін топтық жұмыс<br><b>1-тапсырма. Топтық жұмыс</b><br><br><b>Миға шабуыл</b><br>1. Мультфильм қалай жасалатынын білесің бе?<br>2. Scratch те кейіпкерлерді қозғалту командаларын ата<br>3. Қандай тақырыпта мультфильм жасағың келеді? | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын топтасып сөздерді табу арқылы ашады. Тақырыпты дәптерге жазады                                                                                                           | Мадақтау                                                                                                                                                                                                           | Қағаз қиындылары<br>Жұмыс дәптері<br><br>Презентация<br>Қағаз қиындылары                                                         |
| Сабақтың ортасы<br>25-минут                                                            | <b>2-тапсырма. Жеке жұмыс</b><br>Жұмыс барысы<br>«Футбол ойыны» мультфильм жобасы <ul style="list-style-type: none"> <li>Scratch программасында спрайтты пайдаланып, мультфильм құру.</li> <li>Сахнаны безендіру</li> <li>Жоба бойынша скрипт таңдау</li> <li>Спрайттың қозғалысын ұйымдастыру</li> <li>Скрипт құру барысында тармақталған алгоритмді қолдану.</li> <li>Жобаны қорғау.</li> </ul>                                                                             | Scratch программасында спрайтты пайдаланып, мультфильм құрады. Сахнаны безендіреді<br>Жоба бойынша скрипт таңдайды<br>Спрайттың қозғалысын ұйымдастырады<br>Скрипт құру барысында тармақталған алгоритмді қолданады. Жобаны қорғайды. | <b>Дескриптор:</b><br>Scratch программасында мультфильм құрастырады<br><br>Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай «Жұлдыз»- өте жақсы, «төртбұрыш»- жақсы, «үшбұрыш»- талпын карточкаларын береді. | Ноутбук<br>Scratch- программалау ортасы<br> |
| <b>Қорытынды</b><br>3 минут<br><br><b>Сабақтың соңы</b><br>Рефлексия<br>4-минут        | «Еркін микрофон» әдісі арқылы қорытынды жасау<br>Су асты әлемі туралы қандай мультфильм білесіңдер?<br>Көліктер жарысы туралы?<br>Футбол ойыны туралы?<br><br>1.Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.<br>2.Кері байланыс:<br>тапсырманы орындадым<br>тапсырманы толық орындай алмадым<br>тапсырманы орындай алмадым<br>                                                             | Өздері көрген мультфильмдер туралы айтады                                                                                                                                                                                             | Карточка бойынша ұпай санын санап, өзін өзі бағалайды.                                                                                                                                                             |                                                                                                                                  |
| <b>Ұйтапсырмасы</b>                                                                    | Өзін ұнататын мультфильм кейіпкерінің суретін салу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                    | Жұмысдәптері                                                                                                                     |



# «Шәкірттің білімдісі ұстазынан»



**МУХАМЕТЖАНОВА Маншук  
Меиркановна,  
Алматы қаласы, «№15  
гимназия» бастауыш  
4 «А» сыныбының мұғалімі**



– Балапан ұясынан ұшарынан,  
Темірдің өткірлігі ұстасынан.  
Жаһанда ғылым іздеп адам болу,  
Шәкірттің білімдісі ұстазынан.  
Бұл ақын, философ Омар Найымның ұстаз туралы өлең  
шумағы. Дана Абай:

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға, – деп айрықша ұстазға баға берген.

Осындай философиялық ойларды әрдайым оқып, ұстаздық қабілетімді іздену арқылы дамытып келемін. Ұстаз бір сәт ізденісін тоқтатса, балаға білім беру әдісінде бір орыннан жылжымай қалатынын жылдар бойы бастауышта бала оқытудағы тәжірибемнен білемін. Жаңа ғасыр жылдары өткен сайын барлық салада жаңа технологияларды пайдаланып, заман көшінен қалмай алға жылжу – әр адамның алдында тұрған міндет. Солардың қатарында білім беру саласында да сабақ берудің жаңа әдістері құрылуда. Жаңа әдістері меңгеріп, бала оқытуға пайдалану үшін ұстаз ретінде біліктілігімді арнайы курстар арқылы да, өз бетімше де арттырып келемін. Сонымен қатар, бастауыш сыныпқа арналған бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды пайдаланамын.

Бүгінгінің баласы озық ойлы, жаңаша ойлап, алдына мақсат қоя білетін, болашақта сол мақсатының орындалуы үшін адал еңбек ететін дәрежеге жетуі – мектептің бастауыш сыныбынан қалыптасады. Бастауыш сыныптан бастап оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруды басты назарда ұстаймын. Бастауыш сынып дегеніміз дағдылар мен ұғымдардың жиынтығы. Бірінші сыныпқа келген оқушы алдымен мектептің бастауыш сыныбына арналған ережелерімен танысады. Мектеп – оқушы үшін екінші үйіндей, оның мүлкін бүлдіруге, тәртіп бұзуға болмайтынын біледі. Сыныпқа кірген соң, сыныптастары өз бауырындай бірін - бірі сыйлауы, құрметтеуі қажеттігін үйренеді. Басты тұлға – ұстаз екенін біледі. Алдымен, «Әліппе» оқулығын қолына алып, әріп таниды. Есеп шығаруға дағдыланады. Сурет салады. Сабақ барысында өзі, отбасы туралы әңгіме айтып, үйренеді. Жазады, есеп шығарады.

Бірінші сыныпқа келген оқушы өзін сол ортаға бейімдеу үшін ұстаз оқушыларымен көп әңгімелесіп, оларды тыңдай білуі керек. Балалармен сөйлесе отырып, олардың жеке қабілеті мен бейімділігін анықтап аламын. Соның негізінде әр баламен жеке жұмыс істеп, тапсырма беруге тырысамын. Ұжымдық орта қалыптастырамын. Сыйластық, бір - біріне құрметпен қарау, қиын кезде қол ұшын беру, сабақта тыныштық сақтап,

ұстазды тыңдауды үйренеді. Дос болу, жанашырлық, білімге құштарлық қасиеттері қалыптасады. Бастауыш күрделі кезең. Төрт жыл көлемінде оқушылар Ана тілін оқулығын мүдірмей оқи алады. Ана тілімен тіліміздің құдіреттілігін түсінеді. Құрметтеуді үйренеді. Ұлттық құндылықтарымызды бағалауды біледі. Тұлғаларымыз бен ғұламаларымыздың бастауыш сыныпқа лайықталып берілген шығармаларын оқиды.


Табиғаттану оқулығы арқылы қоршаған орта, адамдардың өмірі, табиғат, тірі және өлі организмдермен танысады. Табиғаттану оқулығы – педагогика ғылымдарының негізі болып табылады. Сондықтан, оқушыларға пәнді оқыту арқылы әлем картасы, оның бір бөлшегі – Қазақстан табиғаты, яғни өзен-көлдері, тау мен баулары, қазба байлықтары туралы мәлімет беру арқылы табиғат баға жетпес байлық екенін ұқтырамын. Сонымен қатар, экологияны сақтау ережелеріне де тоқталамын. Қоршаған ортаны таза ұстау – адамдардың, соның ішінде балалардың да қолында. Елімізде бастау алған «Таза Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында өткізіліп жатқан акция туралы айта келе, оқушылардың сыныпта, мектепте, көшеде және үй маңында, аулада тазалық сақтауын ескертемін. Айталық, жеген тәттілерінің орам қағаздарын кез келген жерге қалдырмау, тастамау, өсіп тұрған жасыл желектерді сындырмау, өзі жүрген жерді ластамау сияқты мәселелерді үнемі балалардың жадына салып отырамын. Қоршаған ортаға зиян келтірмей, оны қорғау – әрбір адамның міндеті. Оқушыларға «Жасыл экономика» тұжырымдамасы туралы да қысқаша айтып өтемін.

Математика пәнінің арқылы есептеулер, формулалар, таблицалардан мағлұмат алады. Адам өмірі, қоршаған орта математикалық есеп негізінде құрылатынын түсінеді. Сонымен қатар дене шынықтыру сабағы, музыка, ағылшын тілін үйренуге талпынады. Сыныбымдағы әр оқушы өзінше дарын иесі. Олар спортта, сыныпта өтетін шараларда топ жарып, талантты ұландар екенін көрсетіп келеді. Бастауыш сынып оқушыларына бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейін білім мен тәрбие бере отырып, оларды адал еңбек етуге, Отанын сүюге, өз елінің патриоты болуға баулыдым. Бойында бастауыш сыныпта алған білім, үйренгені, қабілеті оны болашақта жеке тұлға болып қалыптасуына қаланған тұғыр деп білемін. Екі айдан соң оқу жылы аяқталады. Менің сыныбым бастауышпен қоштасып, орта буынға қадам жасайды. Төрт жылда алған білімі мен білгендеріне шолу жасай отырып, оқушыларыма келесі жаңа оқу жылында сәттілік тілеймін!

# АТА-АНА МЕН ҰСТАЗ СЫЙЛАСТЫҒЫ ТОҒЫСҚАНДА

Ұстаз болу – абыройлы қасиет. Мен бастауыш сынып мұғалімі болғанымды мақтан тұтамын. Ақкөңіл, жүрегі кіршіксіз ұл-қыздардың пәк ниетін көргенде, ешбір ұстаз мектептен кеткісі келмейтіні анық. Қоғамда ұстаз жайлы әртүрлі пікірлер айтылуда. Алайда, ондай пікірлер өмірін бала оқытуға арнаған ұстазға кері әсерін тигізбейді. Елімізде «Мұғалім мәртебесі» туралы Заң аясында мемлекет тарапынан мұғалімге, соның ішінде жас ұстаздардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері қалалық және ауылдық жерлерде жасалуда. Педагогикалық платформаларда жас ұстаздарға арналған біліктілігін дамыту байқаулары ұйымдастырылуда. «Жас ұстаз», «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз», басқа да байқаулар арқылы ұстаздық қабілетін, жаңа технологияларды пайдаланып, өткізген тәжірибе сабақтарының жаңашылдығымен бөлісіп, тәжірибе алмаса алады. Мұндай байқауларға бастауыш сынып мұғалімдері де қатысып келеді.

Бала оқыту – адам бойындағы ізгі қасиет. Бүгінде бала оқытудың машақаттары көп деп ұғады. Қай мамандық иесі болсын қиындықсыз болмайды. Әр қиындықты



жол дер едім. «Ана тілін» оқи отыра ана тіліміздің құдіретін түсінеді. Ана тілімізді оқып, тұлғалардың шығармаларын оқып, жаттайды. Ұлттық құндылықтарымызға біртіндеп қаныға салт – дәстүрді үйренеді. Отан, мектеп пен ұстаз туралы түсініктері толығы түседі. Ата – ана мен отбасы, дос, бауырмалдылық қасиеттерін тәрбие сағаттарында жандүниесіне сіңіре бастайды.

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін олармен оқулықтағы тақырыптарды дамыта отырып, әңгімелесуге көбірек уақыт бөлемін. Бүгінгінің баласы жан-жақты, танымдық қабілеті жоғары. Алайда,

оны жетілдіру үшін қысқа шығарма жазумен қатар сөздік қорын көбейтуіміз қажет. Жаңа технологиялар әр салада дамып келеді. Балалар қазір теледидардан гөрі қолындағы смартфонды көп пайдаланады. Смартфонның пайдасы да, зияны да бар. Зияны балалар өзара әңгімелесуден қалып барады. Екінші сынып оқушылары болса да, байқағанымдай смартфонда сөзбен сәлемдесудің орнына да, бірін-бірі қуанышымен құттықтаса да, бір-біріне ренжіп қалса да дайын суреттермен ұқтырады. Өкінішке орай, бұл әдет үлкендерге де әбден сіңіп кетті деуге болады. Бастауыш сыныптан баланы қатесіз сөйлеуге дағдыландыруға міндеттіміз.

Екінші сынып оқушыларымен ұстаздар, аналар мерекесіне орай сынып сағаттарын өткіземіз. Наурыз мерекесін атап өтеміз. Әр шарада ұлдар мен қыздар, өзін де ұлттық киім киеміз. Ұлттық киім – тарихымыздың көзі, қазақ мәдениетінің маңызды атрибуты. Сол себепті, оқушыларымыз мектепте ұлттық киімнің кеудешесін киіп, оған мақтанышпен қарайды. Оқушыларыма ұлттық киіміміздің ерекшелігі, ондағы ою-өрнек туралы қысқаша айтып беремін. «Қайталау – оқу анасы» - дейді ғой, сондықтан оқушыларымның ұлттық киім арқылы тігін тігу, мата, киім тігетін шеберлер туралы мағлұмат алғаны артық болмайды. Ою-өрнегіміз халқымыздың ішкі мәдениетін көрсететін элементтердің жиынтығы.

Оқушылармен әңгіме өткізгенде, міндетті түрде жол қауіпсіздігі, өрт кезіндегі қауіпсіздіктерді де айтып өтемін. Бала жастан олар да қауіпсіздік ережелерін жіті білуі қажет. Ата – анамен де сөйлесіп, балалармен бірге жұмыс істегенде үй тапсырмасымен ғана шектеліп қалмай, сабақта өткен тақырыптары, тәрбие сағатындағы тапсырмаларды бірге орындауын өтінемін. Ата – анамен бірлесіп жұмыс істеуіміздің нәтижесінде оқушыларымның сабақ үлгерімі қуантады. Бастауыш сыныптарға арналған байқауларға қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде. Байқауларда топ жарып, дипломдарға ие болды. Екінші сынып үшін бұл айтарлықтай жетістік.



білімділікпен, парасаттылықпен реттеудің жолын тауып, шешім қабылдау – өз мамандығын шынайы сүйген адамның ғана қолынан келеді. Ұстаз мамандығын таңдағанда, қателеспегенімді білдім. Бастауыш сыныпты оқытып келемін. Екі айға жуық уақыттан соң 2 – сыныпты бітіріп, келесі оқу жылы 3- сыныпқа қадам басамыз.

Бастауыш сыныпта оқушының қалыптасуына ата-ана мен ұстаз бірге жұмыла жұмыс істеуі керек. Бұл тұрғыдан алғанда сыныбымның ата-аналары өте ұйымшыл. Жас ата-ана болғандықтан, мектепте бастауыш сыныпта білім берудің жаңа бағдарламаларын игере алатын дәрежеде. Ата - ана мен мектеп арасындағы сыйластық, бірін – бірі түсінуі баланың білімі мен тәрбиесінде сапалы білім алуға апарар

**КАСЫМОВА Надира Мұратқызы,**  
Алматы қаласы, «№15 гимназия» бастауыш  
2 «В» сыныбының мұғалімі.



# Кітапханада өткізілген акция

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт,  
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі).

Мемлекет басшысының бастамасымен «Оқуға құштар мектеп», «Оқитын ұлт» жобасы құрылып, қазақ әдебиетіне көп көңіл бөлінуде. Жоба негізінде еліміздің мектептері кітапханаларында оқушыларға арналған тағлымды шаралар ұйымдастырылуда. Кітап оқу мен кітапханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін айрықша атап айтқаны баршамызға белгілі. Кітап барлық ілімнің қойнауы. Кітап оқу - адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ал кітапты сыйлау - аса да құнды дүниенің бірі.

Мектеп оқушыларына кітап оқудың маңызын айта келе, ғұламаларымыздың өмірінен өнегесін айтамыз. Ең қиын заманда оқудан бас алмаған тарихи тұлғаларымыз да өзіне дейінгі көне заман кемеңгерлерінің жазып қалдырған дүниелерінен ғибрат алып, өзінің философиялық ойларын ақ қағаз бетіне түсірген. Бүгін жаңа технологиялар дамып келе жатқан жаңа ғасырда кітап оқу еш қиындық туғызбайды. Кітапхана сөрелері жаңа әдебиетпен жыл сайын толығуда. Тақырып аясы да кеңейе түскен. Шетел әдебиетінің қазақ тіліндегі аудармаларын да оқуға мүмкіндік бар. Оқулықтар мен көркем әдебиеттің электрондық нұсқалары қаншама? Тек оқуға ниет

болса, болғаны.

Десе де, оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында кітапхананың көтерер жүгі де аз емес. «Ақтоғай» орта мектебінің кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында «Шын жүректен кітап сыйла!» атты тақырыпта акция өткізді. Мақсаты: оқырмандарды жақсы кітап оқуға ынталандыру, бір-біріне кітап сыйлауға шабыттандыру және қағаз кітап әрқашан құнды сыйлық болып қала беретінін ұғындыру, өзара сыйластықты қалыптастыру. Акцияға оқушы ғана емес, ауыл адамдарының да бей-жай қарамай атсалысып келе жатқаны балаларға кітап сүйер ортаның толығып келе жатқанын білдіреді.

Мектептің кітапханасында өтетін шараларға ауыл адамдары, ата-аналар да келіп қатысып, білгендерімен бөлісіп отырады. Акцияға оқушылар ғана емес, мектеп ұжымы да атсалып келе жатқаны балаларға үлгі. Кітапханада акция ұйымдастыру шаралары жыл бойы жалғаса береді.

**Мейіргүл ОШАҚБАЕВА,  
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы,  
«Ақтоғай» орта мектебінің кітапханашысы**

# АЛАШ БАСПАСӨЗІ ТАҒЛЫМЫ: ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ТАҒЗЫМ

«Тірі болсақ - алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!,- деп Әлихан атамыз жаңылмай айтып кеткен секілді. Ал біз осы тұлғалардың үмітін ақтап жүрміз бе? Алаш арыстары армандаған мемлекет құра алдық па? Біз болашақ ұрпаққа не амананаттамақшымыз?

«Тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» - деген Міржақып Дулатұлының сөзі қазіргі жастардың ұранына айналуы керек-ау шамасы. Ұлтқа қалай пайда тигіземін деп емес, ұлтымнан қалай ақша алсам болады деп жүргендерде аз емес. «Ұлтымнан не аламын емес, ұлтыма не беремін деп өмір сүр» - деген асыл сөзді ұмытпағың. Қара бастың қамы үшін жер басып жүріп, өмірден қалай өткенін білмей қалатындар да жоқ емес.

«Ұлт-жұмысы үлкен жұмыс; үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек», - демекші. Ұлттың жұмысы бір адамның немесе атқамінерлердің ғана мойнына міндеттелген шаруа емес. Ал мына біз бен сіздердің атқару керек істеріміз қаншама? Ұлтқа қайтсем пайда тигіземін деп тек ойлау емес, ойынды іске асыру, сөзбен емес іспен дәлелдеу ғана жұртқа пайда болады. Айталық: кез-келген ортада қазақша сөйлеп, тіліміздің шоқтығын одан әрмен жоғары өрлетсе білсек бұл да жұртқа қылар істен кенде қалмағанымыз. Себебі Халел Досмұхамедовтың пайымдауынша:

– «Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек». Тіліміз болмаса тірі жүргенімізден не қайран?..

Туған жеріңнің бір уыс топырағын да өзге жұртқа қорлатпа! Ата-бабаң сар далада сандалып жүріп аманат еткен ұлан ғасыр даланы қалай ғана өзгенің жетіне жібермексің. Әлихан Бөкейханұлының ұйғарымы бойынша: «Жер. Жер және жер. Жерсіз Отан жоқ». Шыныменде-ақ Отаныңды отар қылып отырсаң қандай ұлт мүддесін қорғар адам болғаның?.. Ал қолда бар алтынның қадірін білмей өзгелердің қолына өзіміз тапсырсақ ше? Бұл ұлт мүддесін қорғауға жата ма? Әрине, жоқ.

«Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек» - деген. Бұл да 5 ұстанымның біреуі. Біреуі болсада бірегейі. «Астымызда мұнай, үстімізде құдай, ортасында адай», - деп батыстықтар айтпақшы бұл батыс халқының байлығы. Бірақ осыншама мұнай өндіріп, Батыс байығанмен халықтың байлығы асып-таспай жатыр. Неге біз де Жапония секілді жаңғырған, Арабтар секілді ауқатты болмасқа. Ондайлар аз емес, тіпті ортамызда да бар. Бірақ тек соны іске асырар кездегі шолақтықтың зардабы көптеп өзімізге тиіп кетеді.

Алаш арыстары экономика саласын да тасада қалдырмаған. Оған дәлел: «Бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек» -



деген бір-ақ ауыз сөз. Әрине ұлттың дүниесі сол мемлекеттің жұртына ғана тиесілі болып жатқандығы шындық. Бірақ, ең алдымен өзімізді емес, жат елге экспорттауды ойлауымызда өтірік емес. Соның салдарынан: тапшылық, қымбатшылық болмақ. Бұл да халық жағдайының ақсауына алып келеді.

Мемлекетті құрудағы басты мәселердің бірі - қандай заңға, қандай жүйені үлгі ете отырып құру. Алам зиялылары: «Тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-

дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру» - депті. Бұл да тегіннен тегінге айтылмаған сөз болар. «Алты күн аш отырсаңда, ата жолын ұмытпа». Бұл салада Жеті жарғының көмегімен заң енгізуі, бұрынғы салт-дәстүрлеріміздің сақталуы, тәуелсіз ел болғаннан кейін бірегейлігімізді сақтау өте дұрыс шешімдердің бірі болды десек қателеспейміз. Себебі қазірде қайтадан ата-баба жолына түскен ұлт ретінде өшкенді қайта жаңғыртып, ұлттық болмысымызды қалыптастырып, ұлтқа қызмет ету

керектігін ұғынып жатырмыз. Бұны Алаш зиялылары сонау жылдары түсініп, ұғынып қойса. Біздің санамызға енді жетіп жатқаны өкінішті-ақ.

Қарап отырсақ, қазіргі жастар осы кеткен қателіктерді түзей алса біз болашаққа Алаш армандаған мемлекеттің кілтін тапсырамыз. Ал олай істей алмасақ, құр өкініштен не пайда? Өкінбес үшін өткен өмірден өзімізге сабақ алу керек. Себебі «Тарих бізге қателіктерді қайталамау үшін керек» деген. Енді келешегі кемел, ұлты сауатты, халқы атақты ел болу үшін, бесіктен бастап ұлтқа қызмет ету керектігін құлаққа сіңіру болашақ әке мен ананың, біздің мойнымызда. Осыны іске асырсақ тегінде жаман ел болмаспыз.

**САТТЫБАЕВА Еркенур,**  
**Алматы қаласы, Абай атындағы РММИ**  
**11-сынып оқушысы.**  
<https://abai.kz/>



# ІТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА КӘСІБИ МАМАНДАР ҚАЖЕТ

**ІТ саласы - компьютерлік технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету, желілер және мәліметтерді өңдеу, сақтау және басқару сияқты ақпараттық жүйелер мен технологияларға қатысты барлық бағыттарды қамтитындығын білеміз.**

Алайда, Қазақстандағы ІТ саласының дамуы бірқатар қиындықтарға да тап болып отыр. Негізгі мәселелер мен себептеріне тоқталсақ:

Біріншіден, мамандардың жетіспеушілігі. Кәсіби біліктілігі жоғары ІТ мамандарының тапшылығы өзекті. Жоғары білім беру орындарында ІТ бағытындағы білім сапасы әрдайым нарық талаптарына сай емес, әрі жаңа технологияларға бейімделуі баяу жүреді. Көптеген дарынды мамандар шетелдік компанияларға жұмысқа орналасады, себебі ол жерде жалақы жоғары және даму мүмкіндіктері көбірек.

Келесі, білім беру жүйесінің артта қалуы. Мектептер мен университеттердегі ІТ білім беру деңгейі көбіне ескірген әдістерге негізделген және заманауи технологияларды қолдануға жеткіліксіз. Бағдарламалау, робототехника және

деректерді талдау сияқты маңызды пәндерге жеткілікті көңіл бөлінбейді немесе оларды сапалы түрде оқыту мүмкіндігі аз.

Соңғысы, қаржыландырудың аздығы және инвестицияның жетіспеушілігі. Жеке ІТ жобаларға қаржыландыру мен қолдаудың жеткіліксіздігі, ІТ саласының дамуына кедергі келтіреді. Көптеген компаниялар әлі күнге дейін дәстүрлі жұмыс тәсілдерін ұстанып, цифрлық трансформацияға қаражат салуды қажет деп санамайды.

Осы мәселелер мен себептерге сүйене отыра, менің ұсынысым:

Қазақстандағы ІТ саласының дамуы үшін білім беру жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қолдауды күшейту, жеке сектордың ІТ жобаларды дамытуға белсенді қатысуы, ауылдық аймақтарда интернет қолжетімділігін арттыру маңызды. Егер осы мәселелерге назар аударылса, Қазақстанда ІТ саласы тұрақты әрі қарқынды дами алады.



**ҒАНИҚЫЗЫ Дәрия,**  
**Абай атындағы РММИ**  
**10-сынып оқушысы. Алматы қаласы.**  
**Сурет: <https://www.gov.kz/>**  
**Алматы облысының цифрлық**  
**технологиялар басқармасы**



# Болашақта журналист ретінде талқы салатын тақырыбым



**Журналист - тек ақиқатқа сүйеніп, шындықты халыққа және билікке жеткізетін тұлға. Сонымен қатар, қоғамның дертін көрсетіп, шешуге атсалысатын маман. Менің бала кездегі арманымның бірі- журналист болып, халықтың үндеуін билікке жеткізіп, өзімнің бір пайдамды тигізу.**

Қазіргі қоғамның дерті өте көп. Ажырасу, бала тәрбиесі, бақытсыз ұрпақ және т.б көптеген дерттерге душармыз. Менің пікірімше бұл мәселені шешу үшін журналисттер үкіметке талап қойып, халықты ақпараттандыру қажет. Сол себепті мен болашақ журналист ретінде «лудомания» тақырыбын көтеруші едім.

Лудомания - бұл құмар ойындарға деген патологиялық тәуелділік, яғни адам ойынға деген бақылауды жоғалтып, өмірінің басқа маңызды аспектілерін елемей қоюы. Қазіргі қоғамның ең басты дерті- лудомания десек артық айтқанымыз емес. Неге? Себебі қазіргі таңда өзекті болып, қоғамның наразылығын күшейтіп жатқан мәселелердің көбісі осы лудоманияның салдарынан.

Егер нақты мысалдар арқылы дәлелдесек, бірінші мысал ретінде ажырасуды алуға болады. Қазақстан қазіргі таңда ажырасу бойынша сегізінші орында тұр, бұл өте қайғылы жағдай. Себебі әлемді екі жүз он бір мемлекет бар. Ажырасуға лудоманияның әсері өте көп, мамандардың есептеуі бойынша ажырасқан отбасылардың 38,4 пайызы лудоманиядан болып есептеледі. Ал енді ажырасудың салдарынан не туындайтынын қарастырайық. Ажырасудың ең ауыр салдары- ортада қалған баланың бақытсыз ғұмыр кешуі. Себебі қазіргі қоғамда құмар ойындар үшін өз еріктерімен отбасыларынан



бас тартып жатқан әкелер не аналар жетерліктей және осы жағдай баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бұл мысалдар қоғамға үлкен қауіп төндіріп жатыр.

Адам баласы өмірге келгеннен кейін, бақытты болуға құқылы. Бірақ қазіргі таңда қоғамдағы орын алып жатқан мәселелер бақытқа жетелейтін жолды жауып жатыр. Сол себепті көптеген ауыр мәселелерді туындатып жатқан «лудомания» яғни құмар ойындарға деген тәуелділікті өте ауқымды түрде көтеру керек деп есептеймін. Қазіргі таңда бұл аурудың санын азайтып, ойынды шектеге тырысқанымен, нәтижені көрмей жатырмыз. Неге? Себебі бұл мәселені шешу үшін бар күш салынып жатқан жоқ. Сол себептен қазір жол үстінде үлкен жарнамалар толып тұр, оны көріп қызыққан халық түзетуге қиын тәуелділікке ұшырап жатыр. Жасөспірімдер жәй оңай ақша, арзан күлкі қуып ұрынып жатыр. Осындай өте ауқымды мәселені шешу үшін, оның алып келіп келіп жатқан салдарын халыққа жеткізу керек деп есептеймін.

Сөзімді қорытындылай келе, егер мен журналист болсам, қазіргі таңдағы көп мәселелерді тудырып жатқан «лудомания» тақырыбын көтеру арқылы, халыққа оның зардабын түсіндіріп, қоғамдағы бақытты жандар пайызын көбейтуші едім.

**ТУРКЕБАЙ Ақзере Маратқызы,  
Абай РММИ 11 сынып оқушысы.**

# Адам бойындағы энергиясын дұрыс пайдалана ала ма?

Біздің миымыз өте көп ақпараттарды қабылдауға бейім. Сондықтан уайым-қайғы, өтіп кеткен нәрселерді ойлау, керек емес ақпараттарды миымызда сақтау артық салмақ салады. Сол үшін адамдар көп жетістікке жете алмай қалады. Себебі энергия жетіспейді.

Адамның энергиясы әр жерге кетіп жатады. Мысалы телефон қарағанда, сөйлескенде, физикалық жұмыс жасағанда, тіпті теледидар көріп жатқанда да энергия жұмсалады.

Энергиясы күшті және әлсіз адамдардың айырмасы неде?

Адам энергиясының жоғарғы деңгейі - денсаулық, сенімділік және қаржылық әлауқат. Ондай адамды алыстан көруге болады. Оның тәні сау, басы таза, келбеті сергек, қайратты. Мұндай адам денесі әрбір қиымға сенімді қарайды. Ал энергиясы төмен адамдар күшті адамдарға мүлдем қарама-қайшы. Яғни энергиясы жоқ адамдар өмірі шаршаңқы жүреді, ұйқысы келе береді. Дұрыс өмір салты болмайды.

Дәл осы адам бойындағы энергияны құртатын нәрселерді білу өте маңызды.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ

Пайдасыз видеоларды көру, сізге пайда бермейтін нәрселерге қызығу. Мұның барлығы сізден энергияны талап ете қоймай, сіздің арман-мақсатыңызға деген құлшыңызды төмендетіп, тіптен оны жойып жіберуі мүмкін. Мысалға делік сіз керек емес видео көрдіңіз (20-30 минуттық болсын) оған энергияңыз кетті, назарыңыз кетті, уақытыңыз кетті. Міне, энергияңыз және күш-қуатыңыз кетіп жатыр. Көп ұйықтаудың маңызды белгісі осында.

## НЕГАТИВТЕР

Барлық негативті нәрселер, негативті кинолар, негативті пікірлер, негативті музыкалар, негативті видеолар, негативті ақпараттардың барлығын миыңыздан алып тастаңыз. Себебі бұлар энергияны алып қойып жатады. Мысалға делік, сіз қорқынышты кино көріп алдыңыз, миыңызды сол қорқынышпен толтырып қойдыңыз және көз алдыңызға сол қорқынышты бейнелер келе береді. Яғни өзіңізге босқа негативті ойлар толтырасыз.

## ҰНАТПАЙТЫН ІС

Бұл сіздің 50 пайыз энергияңызды алып қояды, яғни тең жартысын. Біз мамандықтан қателеспейміз керек. Өзіңіз қандай жаққа қызығасыз, сондай жаққа әрекет

ету қажет. Сонда ғана энергияңыз толы, табысты, гүлдей жайнап өміріңіз өзгереді. Өмірде өзіңізді тауып, жетістікке қарай жол ашылады...

## СЕНДІРУ

Біреуді өтірік нәрсеге сендіру - бұл да сіздің энергияңызды алып қояды.

## ПАЙДАСЫЗ ІСКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Бұл да энергияны талап етеді.

Өздеріңіз білетіндей әлемдегі барлық нәрсе ең кішкентай бөлшектерден тұратын молекулар үнемі қозғалыста болады.

Ғаламдағы барлық нәрселер қозғалады және көзге көрінбейтін өзіндік энергияға ие. Адамдардың да өз заряды бар

## АДАМ ЭНЕРГИЯСЫН ҚАЛАЙ АРТТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Өзіңіздің мінез құлқыңызды бақылаңыз. Сабырлы болыңыз. Оқиғалар қандай болса, оған шамадан тыс реакция жасамаңыз. Кішкентай бала сияқты өмірді сүю керек. Және алғаш қар жауғанда қуану. «Бақыт» сөзінің қадірін біліңіз. Кішкентай заттың өзін бағалай біліп, оның бар болғанына қуаныңыз.

Күнде энергияңыз тасып, көңіл күйіңіз жақсы болу үшін - көкөністер мен жемістер жеңіз. Олар адам денсаулығына зор пайдасын әкеле қоймай, жұмысыңызға құлшыңызды арттырады. Яғни бір іс бастаған кезде шабытыңызды ашады.

«Қазіргі сәтте менің энергиям аз!», «Не істесем де жұмысқа деген құлшынысым ашылмай жатыр» - десеніз, ең бірінші қолыңызға қағаз алып, ертең не істеу керектігінін тізімін жазыңыз. Сонда ғана күніңіз сәтті өтеді. Сол өзіңіз жазғандарды істеуге талпыныңыз. Солай солай қағазға жазбай-ақ миыңыз жұмысты өзі еске салып тұрады. Сүйікті ісіңізбен айналыссаңыз энергия өздігінен қосылып отырады. Кейіннен соны әдет қылып күнде жасайтын сәтке жетесіз.

**ТҰРДАҚЫН Әмина Жанатқызы,**  
Абай атындағы Республикалық  
мамандандырылған дарынды

балаларға арналған  
қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын  
орта мектеп-интернатының  
10-сынып оқушысы.



# ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫГЕЗДІК

## АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы қатігездік феномені психологиялық, әлеуметтік және отбасылық факторлар тұрғысынан зерттеледі. Мектеп жасындағы балалар арасындағы буллинг, эмоционалдық және физикалық агрессия мысалдары қарастырылып, қоғам мен отбасының рөлі айқындалады. Жасөспірімдердің қатігездігіне әсер ететін негізгі себептер мен оны болдырмаудың жолдары ұсынылады.

Кілтті сөздер: жасөспірімдер, буллинг, агрессия, психологиялық факторлар, әлеуметтік ықпал, отбасы, тәрбие

Гипотеза: Жасөспірімдердің қатігез мінез-құлқы көбінесе әлеуметтік және отбасылық жағдайлардың теріс әсерімен байланысты болады.

Зерттеу сұрағы: Жасөспірімдердегі қатігездік мінез-құлықтың негізгі себептері қандай және оны алдын алудың тиімді жолдары қандай?

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы қатігездік мәселесі тек мектеп қабырғасында ғана емес, жалпы қоғамда күрделі әлеуметтік проблема ретінде қабылдануда. Қазақстан мектептерінде буллинг, психологиялық қысым, физикалық зорлық жағдайлары жиілеп кеткені туралы деректер жыл сайын артып келеді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл мінез-құлықтың астарында отбасындағы тәрбие, әлеуметтік қысым және ақпараттық ортаның әсері жатыр [1].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жасөспірімдер кезеңінде тұлғалық қалыптасу жүріп жатқандықтан, бұл кезде кез келген сыртқы әсер баланың мінезіне тікелей ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, ата-ананың мейірім мен қолдауды

жеткіліксіз көрсетуі баланың өз агрессиясын сыртқа шығаруына себеп болады [2]. Мәселен, 2022 жылы жүргізілген ұлттық сауалнама нәтижесінде жасөспірімдердің 47 пайызы мектепте немесе көшеде қорлау, қорқыту фактілеріне тап болғанын растаған [3]. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен ойын контентіндегі зорлық-зомбылық көріністері балалардың қабылдауын бұрмалап, қатыгездікке үйрететін орта қалыптастырады. Агрессивті мінездің қалыптасуына құрдастар ортасындағы мәртебе үшін күрес те себеп болады – күш көрсету арқылы бедел жинау мінез-құлық моделіне айналады [4].

Зерттеу сұрағына жауап ретінде айтуға болады: жасөспірімдердің қатігездігін тудыратын негізгі себептер – ата-ана тарапынан эмоционалды қолдаудың жетіспеушілігі, құрдастар арасындағы әлеуметтік қысым және деструктивті ақпараттық орта. Гипотеза дәлелденді: қатігездік – тәрбиелік және әлеуметтік факторлардың әсерінен туындайтын мінез-құлық ауытқуы.

## ҚОРЫТЫНДЫ:

Қорытындылай келе, жасөспірімдердің қатігездігі – қазіргі қоғамның өзекті мәселесі. Бұл мәселені тек мектептің немесе ата-ананың ғана міндеті деп қарастыру жеткіліксіз. Балалар мен жасөспірімдерге арналған қауіпсіз, қолдаушы орта қалыптастыру, психологиялық көмек көрсету, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейту – қатігездіктің алдын алудағы маңызды шаралар. Қоғам, ата-ана және білім беру жүйесі бірлесіп әрекет еткен жағдайда ғана біз болашақ ұрпақтың сау әрі адамгершілікке негізделген тұлға болып қалыптасуына үлес қоса аламыз.

УЗАКБАЙ Арайлым Серікбайқызы,  
КурсANT SCHOOL

Алматы облысы, Карасай ауданы.

Сурет: <https://okg.kz/>

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Құрманғалиева, Ж. (2022). Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы: себептері мен алдын алу жолдары. Алматы: Қазақ университеті. <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1654782>  
Сәрсенбайқызы, А. (2021). Қазіргі білім беру жүйесінде буллингпен күрес жолдары. Педагогика және психология журналы, 3(45), 56–62. <https://journal.kaznpu.kz/kk/2213>

Назарбаев Университеті. (2022). Қазақстандағы балалар құқығы және буллинг мәселесі жөніндегі ұлттық баяндама. <https://nu.edu.kz/wp-content/uploads/2022bullyingreport.pdf>

Жолдасова, Л. (2023). Жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқы және қоғаммен байланысы. Оқу-ағарту мәселелері, 2(11) 24–29. <https://elibrary.kaznpu.kz/kz/articles/2175>





@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,  
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



## Касым-Жомарт Токаев посетил Дворец школьников №2 г. Шымкент

В рамках программы рабочей поездки  
в Шымкент Касым-Жомарт Токаев  
посетил Дворец школьников № 2.

Учреждение представляет собой современный  
центр дополнительного образования. Здесь  
функционируют мультимедийные классы,  
современные лаборатории, творческие студии,  
коворкинг-зоны. Обеспечены комфортные  
условия для детей с особыми образовательными  
потребностями. Объект был построен по  
поручению, которое Президент дал в ходе  
посещения города в 2022 году.

Сегодня во Дворце занимаются около 5000  
детей в 65 кружках по шести направлениям.  
Образовательные программы нацелены на  
формирование всесторонне развитой личности,  
способной к инновационному и творческому  
мышлению.

Глава государства осмотрел центр и  
побеседовал с учащимися.





## Казахстанские дети - в числе лучших инженеров планеты: сразу 6 наград завоевала сборная страны на глобальном чемпионате FIRST Championship

На престижном чемпионате школьной инженерии FIRST Championship 2025 в Хьюстоне, собравшем более 50 000 участников из 110 стран, казахстанская сборная добилась рекордных успехов во всех трёх возрастных категориях, сообщает пресс-служба Министерства просвещения РК.

Казахстан представляли семь команд. В старшей категории (12–18 лет) команда PID из НИШ ХБН г. Алматы впервые в истории страны вышла в финал соревнований и получила две награды: Motivate Award Winner и Division Finalist Award. Команда CRISTABOL из НИШ ФМН г. Алматы стала обладателем главной судейской награды - INSPIRE Award за выдающиеся технические и нетехнические навыки.

Команды Sana Team (БИЛ Алматы) и Jeltoqsun (школа «Мурарер», Караганда) вошли в ТОП-20 по игре роботов среди 258 команд.

В средней категории FIRST LEGO League Challenge (10–16 лет) команда SKILLSET (школа Skillset, Астана) стала финалистом в номинации Champions Award. Команда RASSLEXX (СШЛИ «Мурарер», Караганда) победила в категории Coopertition Award Winner.

В младшей категории FIRST LEGO League Explore (6–10 лет) команда ATLANTIS (школа «Сатурн», Павлодар) получила награду Team Model Award.

— В отличие от чемпионата FIRST Global Challenge, где страну представляет одна команда, на FIRST Championship участвуют сразу несколько в разных возрастных категориях. Несмотря на участие всего в течение пяти лет, Казахстан уже составляет серьёзную конкуренцию странам с десятилетиями опыта, - отметил руководитель ОФ USTEM Foundation Асылбек Мурзахметов.

Из сайта Министерство Просвещения РК



# «ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ ПИСЬМЕННОСТЬ НА ВЕЧНОМ КАМНЕ И ЕЁ ЗНАЧЕНИЕ»



**МЫРЗАХАНОВА Гульмира  
Жакыпбековна,  
учитель истории КГУ  
«Гимназия №15», г. Алматы**

Тип урока: структурированная лекция (работа с источником)

Начиная с VI века н.э. на территории Казахстана начинается т.н. «тюркский период», который продлился до начала XIII века. В первой половине VII века у тюрков возникло самостоятельное орхон-енисейское руническое письмо. История его возникновения и открытия такова. В 582 году в Оленьем урочище на берегу реки Боин-Цаган в Центральной Азии над местом захоронения Тюркского кагана Таспара была воздвигнута каменная стела с надписью в честь усопшего и его предшественников. Надписи сделаны на согдийском языке, а также на санскрите. Но ровно через полтора века в 732 году первый тюркский летописец, потомок первых каганов «принц счастливой судьбы» Йоллыг-тегин написал на тюркском языке, тюркской письменностью на «вечном камне» (бенгю таш), на двух стелах тексты в честь Бильге-кагана и Кюль-тегина, здесь же, упоми-наются основатели государства тюрков.

Крупными памятниками тюркской письменности являются надписи на каменных стелах, в 732 году выбитые в честь Бильге кагана, его младшего брата, полководца Кюль – тегина и советника каганов Тоньюкука, живших в эпоху Тюркского каганата. Культегин вошёл в историю, как бесстрашный военначальник, смелый и мужественный полководец.

Архитектурно-скульптурный комплекс в честь полководца кочевников Кюль-тегина, сооруженный в долине Орхона в 731г., построенный китайскими мастерами, присланными императором Сюаньцзуном, является одним из самых значительных монументальных памятников тюркского периода.

Во всех тюркских письменных памятниках отчетливо выделяется парадигма власти, система устройства и управления государством, политическая структура общества.

Большая надпись Кюль-тегина содержит два тематических повествования: историю тюрков с 550 по 718 г. и некролог Кюль-тегину. Повествование ведётся от лица самого Бильге-хана, написанное Йоллыг-тегином. По идеологии большая и малая надписи идентичны.

Первое повествование начинается с сотворения мира; затем идёт упоминание о заслугах первых каганов и распаде первого каганата. Надпись заключена датой смерти Кюль-тегина и описанием его похорон. Тексты агитационных воззваний были увековечены для назидания потомкам.

Каган опирался на племенную аристократию – беков. – «Слушайте хорошенько мою речь», – требует Бильге каган! Во всех тюркских письменных памятниках отчетливо выделяется трехступенчатый характер социальной стратификации – каганский род – знатные беки – народ. В этой связи уместно привести следующую тюркскую поговорку: «Иер басуркы таг (опора земли – гора), Бодун басуркы бег (опора народа – бек)».

## МАЛАЯ НАДПИСЬ В ЧЕСТЬ КУЛЬТЕГИНА

«Малая надпись в честь Кюль-Тегина» одно из первых произведений древнетюркской литературы, прошедшее долгий и сложный путь от изучения, расшифровки, и перевода. Она посвящена описанию событий со времен возникновения Тюркского каганата (сер. VI в., которое представлено в надписи как идеализированное прошлое тюркского народа. и первую треть VIII века). Это – история становления и укрепления Восточно-тюркского каганата, освобождения тюрков от китайского ига и военных походов, предпринятых правящим каганом и его братом полководцем Кюль-Тегином. Описание исторических событий не является единственной целью автора, история служит только фоном для создания образов героев тюркского народа и их прославления, Исторические личности, реально существовавшие – правители и военачальники – идеализируются, изображаются как легендарные герои. Текст этот является принадлежностью уже письменной литературы, поскольку известен автор.

Малую надпись создал родственник правящего дома Йоллыг-Тегин. В истории тюркских литератур он является первым из известных современной науке автором художественного произведения. Он стремился внушить своим современникам и потомкам мысль о необходимости прочного единства тюркского государства, осуждал мятежи и междоусобицу. Верность идеалам предков, верность и повиновение беков и народа кагану является основной идеей орхонских сочинений.

Автор строк прекрасно понимает, что сила любого государства в единстве.

Если государство окутано смутами и междоусобицами, оно становится лёгкой добычей для внешних врагов.

В заключении Бильге-каганом подводится итог сказанному:

«Если ты, тюркский народ, не отделяешься от своего кагана, от своих беков, от своей родины... ты сам будешь жить счастливо, будешь находиться в своих домах, будешь жить беспечно!».

**Литература:**


**Жолдасбеков М. Сарткожаулы К. Атлас Орхонских памятников. – Астана:**

**Култегин, 2006. www. Unesco. kz. Kultegin.**

**От редакции: Статья автора была сокращена до 1 – ой страницы формата А4 в электронной версии журнала.**

# Интересные факты об Искусственном интеллекте

**Искусственный интеллект (ИИ)** – одно из самых значительных технологических достижений современности, направленное на моделирование способности человека к мышлению и обучению. ИИ применяется в различных областях, позволяя автоматизировать и оптимизировать множество процессов. Эта технология способна изменить мир, поэтому важно знать множество интересных и важных фактов об ИИ.



Термин «искусственный интеллект» был впервые предложен Джоном Маккарти на конференции в Дартмуте в 1956 году.

Основная цель ИИ – научить компьютеры выполнять когнитивные функции человека, такие как принятие решений и решение проблем.

Машинное обучение – одно из направлений ИИ, в котором компьютеры обучаются на основе анализа больших объемов данных и принимают решения на основе этого анализа.

ИИ широко применяется в медицине, например, для ранней диагностики заболеваний и создания индивидуальных планов лечения. Искусственный интеллект также используется на финансовых рынках для прогнозирования трендов и автоматизации торговых операций. Автономные автомобили, созданные с использованием ИИ, совершают революцию в транспортной отрасли, обладая способностью передвигаться без участия человека.

Виртуальные помощники, такие как Siri, Alexa и Google Assistant, широко используются в повседневной жизни благодаря ИИ.

ИИ также применяется в сфере образования, где он помогает создавать программы обучения, соответствующие индивидуальным потребностям студентов. Системы на основе искусственного интеллекта используются и в искусстве, где они способны создавать музыку, живопись и

поэзию. ИИ также применяется для обеспечения кибербезопасности, позволяя заранее выявлять угрозы и предотвращать атаки.

Этические вопросы, связанные с ИИ, стали предметом обсуждения, так как его развитие может повлиять на права человека и конфиденциальность.

Согласно некоторым прогнозам, в будущем ИИ может достичь уровня человеческого интеллекта, что называется «общий искусственный интеллект».

Развитие ИИ может привести к автоматизации множества рабочих мест, что потребует адаптации рабочей силы.

Системы ИИ способны понимать тексты и осуществлять переводы благодаря обработке естественных языков.

Нейронные сети играют важную роль в развитии ИИ, моделируя принципы работы мозга.

Искусственный интеллект – это технология будущего, способная внести значительные изменения в различные сферы. Возможности ИИ безграничны, и его развитие может кардинально изменить способы восприятия и управления миром. Однако важно учитывать этические аспекты и сохранять основные ценности человека при развитии этой технологии.

**Жанар СӘКЕНҚЫЗЫ,**

<https://bulqyzyq.kz/ru>

Фото: <https://futurenow.com.ua/ru>



## В КАРАГАНДЕ ОТМЕТИЛИ 100-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ ВЕТЕРАНА ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Во Дворце культуры железнодорожников прошло торжественное мероприятие, посвященное вековому юбилею фронтовика Григория Петровича Степенко.

Поздравить юбиляра пришли военнослужащие департамента по делам обороны Карагандинской области, представители местных исполнительных органов, воины-афганцы, а также учащиеся школ и колледжей города.

С приветственным словом к ветерану обратился заместитель начальника департамента по делам обороны подполковник Еркебулан Мустагулов. От имени министра обороны он вручил Григорию Петровичу поздравительный адрес.

— Для нас огромная честь быть рядом с таким человеком. Вы — живая история, пример мужества для всех поколений. Ваше поколение отстояло свободу огромной ценой. От всей души поздравляю вас с юбилеем и желаю крепкого здоровья, долголетия и душевного тепла, — сказал подполковник Еркебулан Мустагулов.

В рамках мероприятия состоялся праздничный концерт. Прозвучали теплые слова благодарности, пожелания мира и благополучия. Юбиляру вручали цветы, памятные подарки и выражали признательность за вклад в Победу. В ответной речи Григорий Петрович обратился к молодому поколению с напутственными словами:

— Берегите себя и нашу Республику Казахстан. Живите достойно, с уважением к истории и памяти тех, кто отдал жизнь за мир. Только так мы сможем сохранить то, что досталось нам такой высокой ценой.

Григорий Петрович Степенко родился 10 апреля 1925 года в селе Нижние Ровинки Воронежской области. В 1943 году Лозовским районным военным комиссариатом Павлодарской области был призван в Красную Армию. Первое боевое крещение получил в качестве пулеметчика на 2-м Украинском фронте. Принимал участие в боях на Курско-Орловской дуге, в освобождении Белгорода, Орла, Харькова, Курска, Кенигсберга и Варшавы, участвовал в форсировании Днепра.

Затем в составе 56-го гвардейского стрелкового полка 19-й гвардейской стрелковой дивизии 39-й

армии Забайкальского фронта участвовал в разгроме японских войск на Дальнем Востоке.

За проявленный героизм награжден орденами Отечественной войны II степени, Славы II степени, медалями «За отвагу», «За боевые заслуги», «За победу над Германией», «За освобождение Варшавы», «За взятие Кенигсберга».

В 1951 году Григорий Петрович приехал в Караганду по путевке, работал на цементном заводе управления «Шахтострой», позже — главным контролером грузоперевозок на железнодорожном транспорте. На заслуженный отдых вышел в 1980 году.

Юбилей ветерана стал поистине народным праздником — проявлением глубокого уважения к героическому поколению победителей.

<https://www.gov.kz/>

Министерство обороны Республики Казахстан



# SEE MATHS COME ALIVE WITH OUR EARLY LEARN TUTOR

Build a strong foundation



## FUNNY TONGUE TWISTERS

Check the following list of funny tongue twisters to practise. You can practise these tongue twisters on a daily basis to improve your pronunciation.

- \* Sheena leads, Sheila needs.
  - \* If a dog chews shoes, whose shoes does he choose?
  - \* Top chopstick shops stock top chopsticks.
  - \* Selfish shellfish. (Repeat many times)
  - \* No need to light a night-light on a light night like tonight.
  - \* Thirty-three thousand feathers on a thrushes throat.
  - \* The great Greek grape growers grow great Greek grapes.
  - \* Linda-Lou Lambert loves lemon lollipop lip gloss.
  - \* Near a ear, a nearer ear, a nearly eerie ear.
  - \* Roberta ran rings around the Roman ruins.
  - \* He threw three free throws.
  - \* A happy hippo hopped and hiccupped.
  - \* Toy boat. Toy boat. Toy boat. (Repeat many times)
  - \* A synonym for cinnamon is a cinnamon synonym.
  - \* One-one was a race horse. Two-two was one too.
- One-one won one race. Two-two won one too.

### Tongue Twister Sentences

- \* Betty bought butter but the butter was bitter, so Betty bought better butter to make the bitter butter better.
  - \* "Surely Sylvia swims!" shrieked Sammy surprised.
- "Someone should show Sylvia some strokes so she shall not sink."
- \* Brisk brave brigadiers brandished broad bright blades, blunderbusses, and bludgeons – balancing them badly.
  - \* She stood on the balcony, inexplicably mimicking

him hiccupping, and amicably welcoming him in.

- \* Susie works in a shoeshine shop. Where she shines she sits, and where she sits she shines.

\* If you must cross a course cross cow across a crowded cow crossing, cross the cross coarse cow across the crowded cow crossing carefully.

\* I thought a thought. But the thought I thought wasn't the thought I thought I thought. If the thought I thought I thought had been the thought I thought, I wouldn't have thought I thought.

\* If practice makes perfect and perfect needs practice, I'm perfectly practised and practically perfect.

### Popular Tongue Twisters in English

- \* Give papa a cup of proper coffee in a copper coffee cup

\* She sells seashells by the seashore.

\* Peter Piper picked a peck of pickled peppers. How many pickled peppers did Peter Piper pick?

\* Pad kid poured curd pulled cod.

\* Fuzzy Wuzzy was a bear. Fuzzy Wuzzy had no hair. Fuzzy Wuzzy wasn't very fuzzy, was he?

\* Supercalifragilisticexpialidocious

\* How much wood would a woodchuck chuck if a woodchuck could chuck wood? He would chuck, he would, as much as he could, and chuck as much wood as a woodchuck would if a woodchuck could chuck wood.

<https://byjus.com/english/tongue-twisters/>

# WHAT IS INTERNATIONAL ASTRONOMY DAY 2025?

**International Astronomy Day 2025 is a special day to learn about space and the stars. It helps people enjoy looking at the night sky and become interested in astronomy. On this day, astronomy clubs, observatories, planetariums, and science centers often have fun events and activities for the public. The goal is to help people understand and love the universe.**

**When is International Astronomy Day 2025?**

**This day is usually on the Saturday closest to the first-quarter moon. That is a good time for looking at the sky because the moon is easy to see. In 2025, International Astronomy Day is on April 22. It is a great time to go outside and look at the stars.**

**How to Join International Astronomy Day 2025:**

There are many fun and easy ways to take part in this day:

- \* **Go to Local Events:** Look for events at nearby astronomy clubs, observatories, or science centers. They might have stargazing, talks, or workshops.

- \* **Stargaze at Home:** If you can't go out, you can still look at the sky from your home or yard. Use apps to help you find stars and planets.

- \* **Learn More About Space:** Read books, watch videos, or go online to learn about astronomy.

- \* **Share Online:** Post your photos or thoughts about

the stars on social media.

- \* **Host a Stargazing Party:** Invite friends or family to look at the stars with you. Bring snacks and have fun!

- \* **Support Astronomy Education:** You can help by donating to groups that teach people about space.

## **HISTORY OF INTERNATIONAL ASTRONOMY DAY**

This day started in the 1970s. A teacher named Doug Berger in California made the first event. He worked with the Astronomical Association of Northern California. His idea was to bring people and astronomy lovers together to look at the sky.

Now, many people around the world celebrate this day. It helps people of all ages enjoy and learn about space.

## **POPULAR HASHTAGS**

If you share your experience on social media, you can use these hashtags to connect with other people who love space:

#AstronomyDay

#Stargazing

#CosmicWonders

#NightSky

#AstronomyEnthusiast

#CelestialBeauty

#ExploreTheUniverse

These hashtags help you join a global group of stargazers and space fans.

**<https://www.awarenessdays.com/awareness-days-calendar/international-astronomy-day-2025/>**



# КЕЛІҢІЗ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Республикалық Farabi shákirti – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқырманға тарайтын, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-аналарға арналған танымдық журнал.

## Журналдың цифрлық форматына жазылу жалғасуда.

6 ай - қала және ауыл/село бойынша –3187.20 тг; 12 ай – 6374,40 тг.  
Занды тұлға үшін: 6 ай- 3541.68 тг. 12 ай- 7083.36 тг. Жазылу индексі: 76081  
Тел: 8 (701) 730-93-12, Алматы

\*Мәлімет «Қазпочта» АҚ-ның ресми каталогынан алынды.

